

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№130 (9448) | 1954 жылғы 2 июль Жұма | Шығуына 35 жыл
және саны 20 тыйын.

ССРО тұтынушылар кооперациясы өкілдерінің IV съезіне

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі ССРО тұтынушылар кооперациясы өкілдерінің IV съезіне және сол арқылы советтік тұтынушылар кооперациясының барлық мүшелерін қызу құттықтайды.

Советтік тұтынушылар кооперациясы елімізде социализм орнату ісінде, қала мен деревня арасындағы экономикалық байланыстарды ұлғайтуда, советтік сауданы дамытын нығайтуда Коммунистік партия мен Үкметке әрқашан белсенді көмек көрсетіп келді, сөйтіп, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайтуға, совет халқының материалдық әл-ауқатын және мәдени дәрежесін арттыруға көмектесті.

Біз, совет халқы еліміздің экономикасы мен мәдениетін онан әрі гүлдендіру үшін, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін және халықтың халық тұтынатын товарлардың бәрін қамтамасыз етуін арттыру үшін ойдағыдай күрес жүргізіп жатқан кезде, селодағы негізгі сауда ұйымының — тұтынушылар кооперациясының ролі онан сайын арта түседі. Кооператив ұйымдарының бірінші міндеті халық тұтынатын товарлар жөнінде колхозшылардың, село интеллигенциясының, совхоздар мен МТС жұмысшыларының, ал, өндірістік және шаруашылық маңызы бар товарлар жөнінде колхоздардың қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру туралы күнбе-күнін қысқарту болып табылады. Тұтынушылар кооперациясының міндеттерінің аса маңызды міндеті мынада болып отыр: қысқа мерзімнің ішінде кооператив саудасын негізінен жақсарту және халыққа қажетті товарлардың бәрін әрбір селодағы аудандар үздіксіз сатуды қамтамасыз ету, деревняға жіберілетін товарлардың сапасын мейлінше арттыруға жету, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының санын кеңейтіп, оның жұмысын жақсарту. Тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері село халқының мәдениет товарлары жөніндегі өскелең қажетін мейлінше қанағаттандыруға және кітап оқиды жасауға ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Барлық кооператив ұйымдарынан ауылшаруашылық өнімдері мен шикізатты дайындау және сатып алу ісін ұйымдастыруды негізінен жақсартуды қатты талап етеді. Тұтынушылар кооперациясының шұғыл міндеті мынада: колхоздарға және барлық колхозшыларға өздерінің өнімдерін өткізуге мейлінше көмек көрсету, сөйтіп, ауыл шаруашылығының барлық салаларының онан әрі өркендеуіне және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыруға көмектесу болып отыр. Қала халқының өскелең қажетін қанағаттандыру үшін қосымша азық-түлік ресурстарын қатыстыру жөніндегі зор мүмкіншіліктерді неғұрлым толық пайдалану қажет.

Тұтынушылар кооперациясы қызметкерлерінің патриоттық борышы мынада: кооперация ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді неғұрлым тез жою, село халқын қамтуда мәдениеттілікті едәуір арттыру, еңбекшілердің тілектері мен мұқтаждарына мұқият қарау, сауда аппаратын талмастан жетілдіре беру, кооператив кадрларын халыққа берілгендікпен қызмет ету, мемлекеттік тәртіпті мүлтіксіз сақтау және кемшіліктерге төзбе рухында тәрбиелеу болып отыр.

Кооператив ұйымдары кооператив демократиясының принциптерін қатаң сақтауға, өзінің жұмысында басшылық етудің кеңсешілік, бюрократтық әдісін батыл жоюға, еңбекшілермен өздерінің байланысын үнемі нығайта беруге, кооперацияның жұмысына пайшпиктердің қалың бұқарасын кеңінен қатыстыруға, тұтынушылар кооперациясы ұйымының жұмысына басшылық етуде және бақылауда олардың ынта-жігері мен белсенділігін мейлінше арттыруға тиіс.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі тұтынушылар кооперациясы өзіне жүктелген міндеттерді аброймен орындайды, халқымыздың әл-ауқаты мен мәдениетін онан әрі арттыруда, коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте партия мен үкметке бұрынғыдан да белсенді түрде көмектеседі деп берік сенім білдіреді.

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ.

СЕЛОДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ ДӘРЕЖЕСІ АРТТЫРЫЛСЫН

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жуырда болып өткен Пленумының қаулысын сәміздің еңбекшілері орасан зор жігермен қарсы алды, бұл қаулыда ауылшаруашылығы саласындағы жауынгерлік, шұғыл міндеттер белгіленді. Партия белгілеген шаралар егін жыйнауды және ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды үлгілі өткізуге бағытталды, мұның өзі колхоз және совхоз өндірісінің барлық салаларын шұғыл өрсе бастыру жолында алға басқан ірі айым болмақ.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия, совет және ауылшаруашылық органдарына ауыл шаруашылығына басшылық етудегі кемшіліктерді жоюды, үшінші шұғыл міндеттерді орындауға

риалдық әл-ауқатын арттыру міндеттерін шешу үшін егін жыйнауды және ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды мезгілінде, жоғары сапалы өткізудің маңызын барлық колхозшыларға, МТС және совхоз қызметкерлеріне түсіндіруге басты назар аударылуға тиіс.

Көптеген партия ұйымдары селодағы саяси жұмыстың дәрежесін арттыруға тынбастан қамқорлық жасап келеді. Олар саяси үгіттің мазмұнына күнбе-күн зер салып, үгітшілерге нақты көмек көрсетіп, партия және совет активінің саяси бағындамалар жасауын ұйымдастырып отырады. Саяси және бұқаралық жұмыстар дұрыс ұштаспырылған жерлерде колхоз бен совхоз өндірісін өркендетуде табыстарға

гізіліп, ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерін түгел қамтуға тиіс. Бүкіл оққаралық-саяси жұмысты кезір егін жыйнау ісіндегі дағдыры шешілетін жерлерде: егіс қостарында, егіс және трактор бригадаларында, қырдандарында, астық тасыйтын транспорт бригадаларында, әле ваторлар мен дайындау пункттерінде жүр ітау керек. Бұл орындарға партия, совет, комсомол, кәсіподақ активінен, село интеллигенциясынан, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың озаттары арасынан іріктеліп алынған таңдаулы үгітшілер жіберу қажет.

Партия және совет активі арасынан әрбір үш-бес комбайнға партия комитеттері белсенді ұйымдастырушылар егін жый

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы барлық колхоз мен колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың жұмыс мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының маманда жыйнауды, ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды үлгі. **ЖЫЛЫ** зеді, сөйтіп аса маңызды бүкілхалықтық міндетті—Комму партия мен Совет үкметі алға қойып отырған ауыл шаруашылы шұғыл өркендету міндетін орындау жолында ірі адыммен алға басады деп берік сенеді.

Облысымыздың еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын ойдағыдай жүзеге асыруға әзір екендіктерін білдіруде

Еңбек өнімділігі бұрынғыдан да арта түсті

Пішен дайындау—мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісіндегі басты міндет. Өйткені, жемшөптің мол қорын жасамайынша, мал басын көбейту, одан алынатын өнімдерді арттыру мүмкін емес. Сондықтан да СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын қамтамасыз ету туралы» қаулысы маалды жемшөппен қамтамасыз етудің барлық қажетті шараларын белгілеп берді.

Біздің колхоздың пішеншілері бұл қаулыны талқылағаннан кейін оны мал азығын дайындау, мал қыстауға әзірлік жұмыстарының зор программасы деп санап, қанағаттанғандықпен қуаттады. Сонымен бірге, мал үшін жемшөп қорын мол дайындау жөніндегі қаулы талап еткен міндеттерді орындауды көздеп, өздеріне көтерілкі міндеттемелер алды. Пішеншілер алған міндеттемелерін сөзсіз жүзеге асыру үшін барлық күш-жігерлерімен өнімді еңбек етуде.

Бұл күндері колхоздың табиғи шабындықтарында үш бригада жұмыс істейді. Олардың қамтуында Булаев МТС-нің екі өзінен жүретін шөп машинасы, үш трактор агрегаты және алты көлікке жегілетін шөп машиналар, көптеген тырнауыш, шөп сырғыш, маялағыштар бар. Колхозшылар мен механизаторлар осы техниканың қуатын өнімді пайдаланып, быйыл кемінде 40 мың центнер жоғары сапалы пішен дайындауды көздеп отыр.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының 24 июндегі қаулысындағы партиямыздың ауыл шаруашылығына деген тағы бір жаңа қамқорлығы олардың еңбекке деген жігерін арттыра түсті.

Мәселен, өздігінен жүретін шөп машинаның машинисі коммунист С. Шыңғысов жолдас бұған дейін күніне 30 гектардың орнына, 35 гектар жердің шөбін шауып жүрсе, қазір күніне 40 гектар кейде одан да көп жердің шөбін шауып отыр. Ол жұмыс басынан бері 300 гектар астам жердің шөбін шапты. Шыңғысов жолдасдың шаңқан үзетектерінен 1300 центнерден астам пішен жый

майланды. Сол сияқты, трактор агрегатының машинашысы К. Әлжанов, көлікке жегілетін шөп машинаның машинашысы қарт колхозшы Е. Қанғожин жолдасар күндік тапсырмаларын 125—130 проценттен орындап келеді. Машинашылар тапсырмаларын толық және асыра орындай отырып, қазір күн сайын 150—170 гектар жердің шөбін шабуға жетісіп жүр. Біз шөпті шабу мен жыйнаудың арасында алшақтықтың болуына жол бермеуге өте назар аударудамыз. Мұның өзі шабылған шөптің жауын-шашынға тиіп бүлінбей, нәрлі сақталуын қамтамасыз етеді. Мая салудағы Ш. Елеусізов, М. Жұсыпов, Н. Әбуғалиев жолдасар күндік тапсырмаларын біржарым, екі есе артық орындаумен бірге, өздері жұмыс істейтін учаскетегі колхозшылардың еңбекті өнімді істеулеріне көмекші, қамқоршы бола білуде.

Пішеншілердің ұйымшылдықпен, өнімді еңбек етуі арқасында колхозда 4 мың центнерден астам шөп шабылып, маяға салынды. Шөпті мал қоралары жанына тасу үшін 8 пар көлік бөлінді. Шөп тасуда Б. Уақбаева, Қ. Ысқақова, Б. Балпанова, Б. Есенғұлова жолдасар күн сайын 100 центнер шөпті қоралар жанына тасып жеткізіп, тапсырмаларын едәуір асыра орындап келеді.

Пленум қаулысы колхоздың құрылыс бригадасы мүшелерінің де еңбек өрлеуін туғызды. С. Бейбітов, И. Вугазов жолдасар бастаған құрылыс бригадаларындағы колхозшылар 100 бастық ірі қарамал мен 200 бастық бұзау үшін құрылысын аяқтап келеді. Мал өсірушілер бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды тазарту, жөндеу жұмыстарын да ойдағыдай жүргізуде.

Біздің мақсатымыз — барлық күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, быйыл мал азығының мол қорын жасауға жетісу. Бұл мақсатты сөзсіз орындаймыз да. Бұған колхозшылардың мал үшін жемшөп дайындау, мал қыстауға әзірлік ісіндегі қажырлы және өнімді еңбектері кепіл.

С. ЕСЕНҒҰЛОВА
Булаев ауданы, Сталин азық-түлік қорының механизаторы.

Пленум қаулысы зор қолдау тапты

Петропавл ауданының колхозшы шаруалары мен механизаторлары, ауыл шаруашылығы мамандары СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор қуанышпен естіп білді.

Бұрнағы күні Петропавл МТС-нің жөндеу мастерскойында еңбек өнімділігі бұрын-соңды болып көрмеген жоғары көрсеткішке жетті. Бұл күні жөндеушілердің бәрі де сменалық тапсырмаларын артығымен орындады. Слесарьлар күндік жұмыс нормасын біржарым есе орындап, жоғарғы көрсеткішке ие болды.

Сол күні кешке жөндеу мастерскойында партиямыздың Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын талқылауға арналған жыйналыс болды. МТС партия ұйымының секретары Бенделов жолдас Пленум қаулысын оқып, оның мазмұнын баяндады. Мұнан кейін жөндеу мастерскойының механизаторлары бірінен соң бірі сөз сөйлеп, партиямыздың қамқорлығына еңбектегі жаңа табыстармен жауап беретіндіктерін білдірді.

Станцияның таңдаулы комбайншыларының бірі Иван Кель жолдас өзінің сөзінде мынаны мәлімдеді:

—СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлеріне егін жыйнауды, ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды үлгілі өткізеді деп берік сенім білдірді. Партияның сенімін ақтау — совет адамдарының жоғарғы қасиеті. Бүкіл еліміздегі сияқты, біздің станция аймағындағы колхоздарда бітім егін өсіп келеді. Біз комбайншылар егінді қысқа мерзімде жыйнау арқылы партиямыздың қамқорлығына жауап береміз. Мен «Сталинец—6» комбайнымен 800 гектар дәнді дақылдардың егісін жыйнауға, картоп жыйнайтын комбайнмен 170 гектар картоп жыйнауға серт беремін. Комбайншылар Социалистік Еңбек Ері Шварц, Байбөкеев және басқа жолдасар да өздерінің сөздерінде Пленум қаулысын қызу қуаттап, жөндеу жұмыстарының қарғынын күшейту, егін жыйнау жөнінде көтерілкі міндеттемелер алды.

тықтың және басқа ауылшаруашылық дақылдарының жалпы түсімін молайту, осымен қатар мал шаруашылығының өнімдерін арттыру жолындағы күреске қолхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің бұқарасын жұмылдыруды міндеттеді. Егіннің мезгілінде және өте сапалы күтуі үшін, егіннің ысырансыз ұйымшылдықпен жыйналуын, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алуының мемлекеттік жоспарының мезгілінде орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Бұқара арасындағы партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмысын барынша күшейту, бұл міндеттерді ойдағыдай шешудің аса маңызды шарты болып табылады. Қазір партия ұйымдарынан СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қаулысының ауыл шаруашылығының барлық салаларын оған әрі өрге бастыру және совет халқының материалдық әл-ауқатын арттыру ісіндегі орасан зор маңызын әрбір қолхозшының, МТС пен совхоздың әрбір қызметкерінің санасына жеткізу талап етіліп отыр. Партия ұйымдары СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысына практикалық іске асыруға ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерін жұмылдыруға міндетті.

Практикалық іске асыруға ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілерін жұмылдыруға міндетті. Егіннің тиімді тыңғылықты күту үшін, жемісін мол жинауды, егін жыйнауды ең қысқарту үшін, егіннің ысырансыз өткізу үшін, техниканың қуатын барынша толық пайдалану үшін, еңбек өнімділігін арттыру үшін, барлық ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алуының мемлекеттік жоспарларын мерзімнен бұрын үшін деревняда бұқаралық социаларысты кең өрістетуге—жергілікті органдарының, колхоздардың, мен совхоздардың партия ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті. Жарыстың творчестволық іс. Жарысты тырғанда, оған ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілері белсене қатысады, колхоз және совхоз өндірісінің, жаңашыларының тәжірибесін, колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің игілігіне тез айыпты егін ұйымдастырылуға тиіс.

Бұқаралық-саяси жұмыс нақты болып, белгілі бір мақсатты көздегенде ғана ол партия ұйымдарының алдында тұрған практикалық міндеттерді шешумен үздіксіз байланысты болғанда ғана, мақсатқа жеткізіп, жақсы нәтижелер бере алады. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы өзінің қаулысында былай деп атап көрсетті: селода жүргізілетін саяси жұмыста ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын оған әрі нығайту және колхозшылардың мате-

Сонымен бірге фактілер мынаны көрсетеді: бірқатар аудандар мен облыстарда деревнядағы саяси жұмыс төмен дәрежеде, нақты өмірмен байланыстырылмай, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын жеделдете өркендету туралы қарарларын жүзеге асыру жөніндегі партия ұйымдарының нақты жұмыстарымен байланыстырылмай жүргізілуде. Бұл жағынан алғанда, Түркімен ССР, Чарджоу облысының партия ұйымы ерекше көзге түсіп отыр. Бұл облыстың көптеген колхоздарында үгітшілер колхозшылар арасында оқта-текте ғана еңгіме өткізеді. Партия және совет қызметкерлері ауыл шаруашылығының еңбекшілері алдында саяси баяндамалар жасамайды, мәдени-ағарту мекемелері көп жағдайда жұмыс істемейді. Чарджоу облысының көктемгі егістің кешігін өткізуінің өзі де едәуір дәрежеде бұқаралық-саяси жұмыстың сапалығын сақдарынан болды деп түсіну керек. Көптеген колхоздарда еңбек төртбіші нашар. Қазір, егінді күтудің қауырт мезгілде колхозшылардың көп бөлігі егіс жұмыстарына қатыспайды. Осының салдарынан мақтаның арам шөбін отау, үстел қоректендіру және суару жұмыстары ең жақсы агротехникалық мерзімдерде өткізілмей отыр. МТС-терде техника нашар пайдаланылуда.

Вологда, Калинин, Кострома облыстарында да және кейбір басқа облыстарда да селодағы бұқаралық-саяси жұмыста елеулі кемшіліктер болып отыр. Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету мүдделері партия ұйымдарының бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмысының анағұрлым жоғары дәрежеге қол жеткізуін талап етеді. Қандай істің болса да дағдырын адамдар шешеді. Бұқара арасында тынбастан жұмыс істеу партия ұйымдарының колхозшылар мен МТС қызметкерлерінің еңбек төртбішін оған әрі нығайтуына, олардың еңбек өнімділігін арттыруына мүмкіндік береді. Ал, мұның өзі егінді үлгілі күтуді қамтамасыз етуге, мал үшін жеткілікті мөлшерде жемшөп дайындауға, егін жыйнауды ысырансыз және қысқа мерзімде өткізуге, мемлекетке астық пен басқа ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру міндеттемелерін мерзімнен бұрын орындауға, тұқым қорлары мен басқа қорларды молынан құюға, колхоздардың қоғамдық байлығын есептеп арттыруға, сойтіп, осының негізінде барлық колхоздарда колхозшылардың еңбек күшіне жақсы ақы төленуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Саяси үгіттің пәрменді, көздерен мақсатқа жеткізетін болуы үшін ол кең көлем және идеялық жоғары дәрежеде жүр-

дай ұйымдастырушылар ретінде өздеріне жүктелген істі ойдағыдай орындай алатын ең тәжірибелі қызметкерлерді іріктеп алып, жіберу керек. Ұйымдастырушылардың борышы — комбайндардың тоқтаусыз және өте өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сойтіп, егін жыйнау мерзімдерін едәуір қысқарту. Комбайншылар, тракторшылар арасында және комбайн агрегаттарында істейтін барлық адамдар арасында жұмыс істеу—партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Біздің селолық партия ұйымдарымыз бұқара арасында саяси жұмыс жүргізуде мол тәжірибеге ие болды. Саяси үгіттің ауан тұрап барлық формалары мен құралдарын егін жыйнау және ауылшаруашылық өнімдерін дайындау кезінде кеңінен пайдалану керек. Веспасоз, радио, кино, мәдени-ағарту мекемелері партия ұйымдарына зор көмек көрсетуге міндетті. Олар ауыл шаруашылығының алдына партия қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін, барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдерді, МТС-тердің, совхоздардың жұмысшыларын және бүкіл село халқын ауылшаруашылық жұмыстарына белсене қатыстыру үшін қажырдылықпен күресуге тиіс.

Селода саяси жұмыстың жең көлемде және идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуі көбінесе аудандық комитеттер, облыстық комитеттер және одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттері тарапынан саяси үгітке басшылық етуге байланысты. Бастауып партия ұйымдарының, үгіт коллективтерінің, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына күнбе-күн зер салып, оларға мезгілінде көмек көрсетіп, олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға жауапкершілігін арттырып отыру керек. Басшы партия және совет қызметкерлері күнбе-күн бұқараның қалың ортасында болып, селода саяси жұмыс жүргізудің өнересін өздері көрсетіп отыруға міндетті.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы барлық колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін, ауыл шаруашылығының мамандарын қажырлы еңбекке, колхоз бен совхоз өндірісін үнемі өркендету жолындағы күреске жіберлендіріп отыр. Олар өздерінің барлық күш-жігерін егін жыйнауға үлгілі әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуге, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алуының мемлекеттік жоспарларын мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыруда. Мұның өзі елімізде коммунизм орнату ісіне қосылған орасан зор үлес болып табылады.

(«Правданың» 29 июндегі басмақаласы).

НАСИХАТШЫЛАР КУРСТАРЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Мұнда облыстық партия комитеті ұйымдастырған партия оқу орындары насихатшыларының бір айлық күресі жұмыс істей бастады.

Партия тарихы, насихатшылық жұмыстың методикасы туралы лекциялар мен семинарлардан басқа, насихатшылар

көзіргі халықаралық жағдай, ССРО-ның сыртқы саясаты жөнінде лекция циклырын тыңдайды. Курста 200-ден астам адам оқиды.

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Кеше облыстық партия комитеті жанында бір айлық насихатшылар курсы жұмыс істей бастады. Оларда үйірмелер мен саяси мектептердің

300-ге жуық жетекшілері, аудандық партия комитеттері мен қалалық партия комитетінің лекторлары және насихатшылары оқиды.

Курстарда лекция оқу үшін облыс орталығында таңдаулы мұғалімдері тартылған.

Тың жер игерушілері

Партиямыздың шақыруы бойынша және тыңайған жерлерді игеруге көмекке келген Иван Яковлевич Рыженко басқарған трактор бригадасының мүшелері Семиполка МТС-нің қамтуындағы Абай атындағы колхозда (Октябрь ауданы) өнімді еңбек етіп келеді. Бригада мүшелері быйылғы көктемде бір «С—80», үш «ДТ—54» тракторларымен 750 гектар тың, 750 гектар бұрыннан пайдаланылып жүрген жерлерді жыртып, өңдеді, 750 гектар жерге тұқым септі. Сөйтіп, көктемгі егіс кезіндегі тапсырмаларын ең қолайлы агротехникалық мерзімде 105 процент орындады. Бұл күндері механизаторлар тың жерлерде пар жыртуға барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыруда. Тракторшылар өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, сменалық тапсырмаларын үнемі толық орындайды. Ал, озық тракторшы Рамникий, Казаков, Кайдов, Чернига жолдастар сменалық тапсырмаларын үнемі 110-115 процент орындап жүр.

Механизаторлар еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресті күшейте отырып, кәзірдің өзінде 500 гектардан астам тың жерге пар жыртып.

Рыженко жолдас смена ауысатын кезде тракторшылардың машина механизмдерін тазалап сүргіп, майлап, жеке бөл-

іні тексеріп отыруын қадағалап отырады. Ол машина механизмдерінің жұмысқа жарамдылығын жиі-жиі өзі тексереді. Тәжірибесі аз тракторшылардың машинаға техникалық күтім жасауын бақылап, оларға көмектеседі. Тракторшылар мен тіркеушілерге жерді сапалы жырту жөнінде қатаң талап қойып отырады. Міне, осының бәрі техника қуатының өнімді пайдалануын, жұмыс сапасының жоғары болуын қамтамасыз етіп отыр.

—Біз келесі жылдың егісі үшін быйыл 1950 гектар тың жер игеруіміз керек. Бұл аз жұмыс емес. Мұнымен бірге, жақында ғана жарияланған СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысы парды дерезінде, сапалы жырту және оған арам шөптердің өсіп кетуіне жол бермеу міндетін қойды. Осы міндеттерді аброймен орындау үшін біз еңбек өнімділігін әлі де арттыра түсуіміз керек. Сондықтан біз қол жеткен табыстарға масаттанбаймыз, —дейді Рыженко жолдас.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).



Торангүл МТС-нің № 12 комсомол-жастар трактор бригадасында Ростовтан, Краснодардан және Калининнен келген патриоттар жұмыс істейді. Олар кәзірдің өзінде 800 гектардай тың жер көтеріп, пар айыру жөнінде МТС бойынша алда келеді.

Бригада коллективі СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысын зор еңбекөреуі үстінде қарсы алды. Механизаторлар қаулыны оқып танысқаннан кейін өздеріне көтерілді міндеттемелер алып, № 15 трактор бригадасының коллективін социалистік жарысқа шақырды.

СУРЕТТЕ: трактор бригадасының бригадирі ростовтық Виктор Варлашкин бригада коллективіне СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын оқып Суретті түсірген А. Розенштейн.

Тимошин жолдас Фурманов атындағы колхоздың піненшілер бригадасында колхозшылар мен механизаторларды Пленум қаулысымен таныстырды. Оған жүзден астам адамдар қатысты. Колхозшы шаруалар өздерінің сөздерінде партиямыздың Орталық Комитеті Пленумының қаулысын бірауыздан қуаттай отырып, ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу жөнінде ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалану туралы бағалы ұсыныстарды жасады. Жыйналғандар қарт колхозшы Д. А. Губасов жолдасының сөзін зор ынтамен тыңдады.

—Пленум қаулысы, —деді ол,—жемшөп дайындауды егін жыйнау маусымы басталғанға дейін толық қамтамасыз етуді талап етті. Олай болса жемшөп дайындауды ұйымдастыруда орын алып отырған кемшіліктерді дереу жою қажет, бірақ шөп шабуда техника күші толық пайдаланылмайды. Мұның үстіне колхоз басқармасы көлік күшімен шөп шабу жұмысын ұйымдастырмай отыр. Қой қорасының құрылысы басталғалы біраз уақыт өтті. Ал, колхоз басшылары оны аяқтау үшін тұтынушылар кооперациясында шифер және басқа құрылыс материалдарының сатылуын күтіп отырған көрінеді. Егер Қостанай облысы колхоздарының үлгісі бойынша қой қорасының төбесін қамыстан жапсақ, бұл жұмыс тез аяқталған болар еді.

Шошқа күтуші Белов жолдас шошқаларды семірту үшін қаланың сыра және арақ-шарап заводтарының қалдықтарын пайдалану, колхоз қоймаларындағы дәнді дақылдардың қалдықтарын үгіп беру жөнінде ұсыныс жасады.

Ворошилов атындағы «Культурный пахарь» және басқа колхоздарда да Пленум қаулысын талқылауға колхозшы шаруалар белсене қатысуда.

Механизаторлардың сөзі

Еліміздің барлық еңбекшілері сыяқты, Мамлют ауданындағы Интернационал МТС-нің Иван Харьковский жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері де СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын асқан зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды.

Бұл бригада көктемгі егісті қысқа мерзім ішінде сапалы аяқтап, ҚЛКЖО аудандық комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Жданов атындағы колхоздың 400 гектарға жуық тың және тыңайған жерлерін игеріп, оған қатты бидай тұқымын септі. Қазір бұл алаңда жаздық бидай егісі біркелкі болып, көктем өсіп келеді.

Бригада мүшелері СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын шын жүректен қуаттап, механизаторларға деген туысқандық қамқорлығы үшін Коммунистік партия мен Совет үкіметіне алғыс айтты. Қоғамдық малды жемшөппен қамтамасыз ету жөнінде көтерілді міндеттемелер қабылданды.

Х. РАХМЕТОВ.

Көп емігі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы

Басы 2-3-бе

СОКП Орталық Комитеті Пленумының 1954 жылғы 24 июньде қабылдаған қаулысы

(Жалғасы. Басы «Ленин туының» 30 июньдегі номерінде)

III.

Егін жыйнауға әзірлену және оны өткізу туралы

Егін жыйнау ауыл шаруашылығындағы жұмыстың аса маңызды, қорытынды кезеңі болып табылады. Мемлекетке астықты және ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін тапсыру жоспарының ойдағыдай орындалуы, колхоздар мен совхоздардың меншікті өте сапалы тұқыммен, қоғамдық мал үшін жеммен, құнарлы және жай жемшөпшен қамтамасыз етілуі, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту және колхозшылардың материалдық әл-ауқатын арттыру барлық егін жыйнау жұмыстарын дер кезінде және жоғары сапалы өткізуге байланысты.

Еліміздің ауыл шаруашылығы маңдай алды техникамен жабдықталған, мұның өзі негізгі егін жыйнау жұмыстарын, ең алдымен, астық шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыруға мүмкіндік беріп отыр. МТС-тер мен совхоздардың 1954 жылдың егін жыйнауға дейін 350 мыңнан аса комбайндары, 33 мыңға жуық зығыр ұқалатын машиналар мен зығыр жыйнайтын комбайндары, 11 мың қызылша жыйнайтын комбайндары, 24 мыңнан аса мақта жыйнайтын машиналары, 10 мыңға жуық картоп жыйнайтын комбайндары, көп мөлшерде дән газартатын және басқа машиналары мен механизмдері болады. Машина-трактор станцияларында, совхоздар мен колхоздарда кәзір басшы қызметкерлер мен мамандардың іске жетік кадрлары бар, сол сыяқты қолда бар техниканың толық пайдаланылуына қамтамасыз ете алатын және барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімін жыйнауды ойдағыдай өткізе алатын тәжірибелі механиканизатор кадрлары бар.

Сонымен бірге, көптеген облыстарда, өлкелер мен республикаларда машиналардың дер кезінде және өте сапалы жөндемеуі, нашар пайдаланылуы салдарынан егін жыйнау жұмыстарын механикаландыру және егін жыйнауға өткізу жөніндегі қолда бар көптеген мүмкіншіліктер қысқа мерзімде қанағаттанарлық түрде пайдаланылмайды.

МТС-тер мен совхоздардың көпшілігінде үстіміздегі жылы да машиналарды егін жыйнауға әзірлеу жұмысы қанағаттанғысыз жүргізіліп жатыр. Комбайндарды және басқа егін жыйнайтын машиналарды егін жыйнауға әзірлеу жұмысы әсіресе Молдаван ССР, Қазақ ССР, Белорус ССР, Литван ССР, Өзбек ССР, Азербайжан ССР, Сталинград, Саратов, Куйбышев, Великие Луки, Новгород, Пенза, Тамбов, Ульянов облыстары машина-трактор станциялары мен совхоздарында қанағаттанғысыз жүргізілуде.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің, облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет органдарының назарын 1953 жылы егін жыйнау кезінде орын алған кемшіліктер мен қателіктердің қайталануына жол беруге болмайындығына аударды, және егін жыйнау кезінде астық ысрабына бейқам қараушылықты батыл жоюды, барлық материалдық-техникалық құралдардың әзірленуін неғұрлым тез аяқтауды, егін жыйнауды ұйымшылдықпен өрістетіп, йерансыз, ойдағыдай өткізуді, мемлекетке астық тапсыру жоспарын дер кезінде орындауды, колхоздар мен совхоздарда егіндерінің өте сапалы тұқымын құюды, қажетті жем және сақтық қорларын жасауды, сол сыяқты егін жыйнау уақытына дәл келетін барлық ауылшаруашылық жұмыстардың дер кезінде жүргізілуін қамтамасыз етуді талап етеді.

ЕГІН ЖЫЙНАУҒА ӘЗІРЛЕНУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕ

1. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарына

мен сауда жасау және егіс басында жұмыс істеушілерге мәдени-бұқаралық қызмет ету ісі ұйымдастырылсын.

Өкелдердің егін жыйнау және басқа егіс жұмыстарына қатысуына қажетті жағдай тудыру мақсатымен балалар бақшалары мен яслилері көбейтіліп, олардың бүкіл тәулік бойы жұмыс істеуі ұйымдастырылсын.

3. Колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың егін жыйнауға ойдағыдай әзірленуін қамтамасыз ету үшін және материалдық-техникалық құралдарды егін жыйнауға әзірлеу үшін әрбір колхоздың, совхоздың және МТС-тің егін жыйнау жұмыстары мен ауылшаруашылық өнімдерін мемлекет тарапынан дайындауға әзірлігі егін жыйнау басталғанға дейін тексерілісін, тексеру нәтижелері аудандық партия комитеттерінде, аудандық атқару комитеттерінде қаралып, ашылған кемшіліктерді жоюға мезгілінде шаралар қолданылсын.

4. Егін жыйнау және астық дайындау кезінде МТС-терді, совхоздарды, колхоздарды, Заготзерно мен Союззаготтранс пункттерін мұнай өнімдерімен үздіксіз жабдықтау мақсатымен, ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігіне, Қатынас жолдар министрлігіне, Теңіз және өзен флоты министрлігіне егін жыйнау жұмыстары мен астық тасымалына арналған жанар және жағар материалдарды мезгілінде тасып жеткізуді қамтамасыз ету, бұл материалдардың мұнай базаларына дұрыс бөлінуіне қатаң бақылау қою міндеттелсін.

5. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігінің, Қорғаныс өнеркәсіп министрлігінің және кейбір басқа министрліктер мен ведомстволардың комбайндар, астық тазалайтын машиналар, астық кептіргіштер және егін жыйнайтын басқа машиналар мен механизмдер, әсіресе бұл машиналарды жөндеуге керекті запас бөлшектер мен материалдар жасап, оларды МТС-терге, Заготзерно пункттеріне, колхоздар мен совхоздарға жөнелту жөніндегі тапсырмалардың мезгілінде орындалуын қамтамасыз етпей отырғанына түзуге болмайды, мұның өзі МТС-терді, колхоздар мен совхоздарды егін жыйнауға әзірлеуде қиыншылықтар тудырып отыр деп санады.

Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігіне, Транспорттық машиналар жасау министрлігіне, ССРО Қара металлургия министрлігіне, ССРО Ағаш өнеркәсіп министрлігіне және ауыл шаруашылығына техника беру жөнінде тапсырмалар алған басқа министрліктер мен ведомстволарға тракторлар, комбайндар және егін жыйнайтын басқа машиналар, олардың запас бөлшектерін, ағаш материалдарын, металл және басқа материалдар жөнелтуде болып отырған артта қалушылықты ең қысқа мерзімде жою міндеттелсін.

6. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Орталық тұтынушылар одағының егін жыйнауға әзірлену және оны өткізу үшін колхоздарға қажетті товарлар мен материалдарды тасып жеткізуді қанағаттанарлық түрде қамтамасыз етпей отырғанын, сонымен қатар МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда және егіс қостарында өнеркәсіп пен азық-түлік товарларының саудасын нашар ұйымдастырып отырғанын атап көрсетеді.

Орталық тұтынушылар одағына, ССРО Сауда министрлігіне селодағы сауда ісін жақсартуға, шаралар қолдану және сауда жүйелеріне ағаш материалдарын, металл, қол саймандар, аспаптар және басқа шаруашылық товарларын тасып жеткізуді қамтамасыз ету үшін қатар егін жыйнау кезінде егіс қостарында өнеркәсіп пен азық-түлік товарларымен үздіксіз сауда жасауды ұйымдастыру тапсырылсын.

геріні мезгілінде ысрапсыз жыйнап алу, бұл үшін жүгері жыйнайтын комбайндарды барынша толық пайдалануды, астық комбайндарын және басқа механикаландыру құралдарын жүгері жыйнауға бейімдеу қамтамасыз ету міндеттелсін. Жүгеріні комбайнмен жыйнау қамтамасыз етілмейтін жерлерде оның паяларын собықтармен бірге орып, колхоздар мен совхоздардың қырмандарына және орталықтарына тасып жеткізу, оның собықтарын кейіннен ажыратып алу колхоздар мен совхоздарға ұсынылсын.

Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігіне 1954 жылғы 1 сентябрьге дейін жүгері жыйнауға бейімделген комбайндарға қажетті мөлшерде тетіктер жасап, МТС-тер мен совхоздарға беру міндеттелсін.

4. Сабан мен топанды мал шаруашылығының қажеті үшін мезгілінде жыйнау және жырту үшін егіс даласын тазарту мақсатымен егінді комбайнмен жыйнаудың ізінше сабан мен топанды тасып алу қамтамасыз етілсін, бұл үшін қажетті мөлшерде тракторлар, сүйретпелер және көліктер бөлінісін. Әрбір участкаға егіс даласын сабанмен топаннан тазарту жұмысы егіннің өнімі жыйналғаннан кейін бес күннен кешікпей аяқталатын болып белгіленсін.

МАҚТА ЖЫЙНАУ ЖӨНІНДЕ

1. Колхоздар мен совхоздар бйылығы жылы мақтаны өткен жылдан едәуір көп өкті. Ендігі жерде елімізде мақта қорларын молайту ісі мақта егісін күту және оның өскен өнімінің бәрін толық жыйнап алу жөніндегі барлық жұмыстардың мезгілінде және сапалы жүргізілуіне бүтіндей байланысты. Бұл үшін, ең алдымен, мақта жыйнауға әзірленуде және оны өткізуде өткен жылдарда болған кемшіліктерді батыл жою қажет, ал өткен жылдары шитті мақтаның мезгілінде жыйналмауына, кептірілмеуіне және тазаланбауына жол беріліп, мақта жыйнау жұмыстары күздің аяғына дейін созылып, мұның өзі шитті мақта өнімінің көп ысрап болуына және сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырған болатын.

Мұндай жағдайдың басты себебі мынада: мақта жыйнайтын машиналар және басқа техника нашар пайдаланылып, мақта жыйнау жұмыстары қанағаттанғысыз ұйымдастырылды. Мақтаны машинамен жыйнау жұмысының жете бағаланбауы салдарынан мақта жыйнайтын машиналарды жөндеу және әзірлеу жұмыстары мезгілінде жүргізілмей, егіс даласын әзірлеу жөніндегі агротехникалық талаптар сақталмай, мақтаны жыйнау алдынан оны жапырақтарынан арылату жұмысы кеш жүргізіліп, мақтаны машинамен жыйнау жоспары жыл сайын орындалмай келеді. 1953 жылы мақтаны машинамен жыйнау жоспарын Тәжік ССР МТС-тері небәрі 4 процент, Түркмен ССР МТС-тері — 10 процент, Қырғыз ССР МТС-тері — 14 процент, Азербайжан ССР МТС-тері — 20 процент, Өзбек ССР МТС-тері — 27 процент қана орындады.

2. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мақта егетін республикалардың, өлкелер мен облыстардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарының колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды мақта жыйнауға және дайындауға әзірлеу ісінде бйылығы жылы да ірі кемшіліктерге жол беріп отырғанын атап көрсетеді. Колхоздар мен совхоздарда мақта кептіргіштер, дымқыл мақтаны кептіруге арналған сарай, жаппалар мен алаңдар салу жұмысы өте нашар ұйымдастырылған. Әсіресе, Өзбек ССР-інде, Түркмен ССР-інде, Қазақ ССР-інде және Қырғыз ССР-інде мақта жыйнайтын машиналарды жөндеу және мақта жыйнауға әзірлену ісінің жайы қанағаттанғысыз болып отыр.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, мақта егетін республикалардың, өлкелердің, облыстардың және аудандардың партия, совет органдарына мақтаны жыйнауға әзірлену ісіндегі кемшіліктерді жою, мақтаны механизмдермен жыйнау ісін жете бағалауға фактілеріне көрсетіп батыл күрес жүргізуді, мақта жыйнайтын машиналарды

және өнімін кептіретін және сақтайтын үйлер нашар әзірленді.

Бірқатар республикаларда, өлкелер мен облыстарда салалы зығыр мен конопля өнімін жыйнауға әзірлік бйылығы жылы да қанағаттанғысыз жүргізілуде. Зығыр мен конопля жыйнауға әзірлену жұмысы, әсіресе, Смоленск, Пенза, Калинин, Курск облыстарында, Мордва АССР-і мен Литван ССР-інде нашар жүргізілуде.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, салалы зығыр мен конопля өндіретін облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарына мыналар міндеттелсін:

а) зығыр, конопля жыйнайтын, салалы зығырды бірінші рет өңдейтін машиналарды жөндеу жұмысының мезгілінде аяқталуы қамтамасыз етілсін және бұл машиналар тәжірибелі машинистермен, тракторшылармен, колхозшылардың тұрақты құрамымен толықтырылсын;

б) салалы зығыр мен конопля жыйнау жұмысы басталғанға дейін МТС-тер мен колхоздарда бұл дақылдарды жыйнау графигі жасалып, бұл графикте МТС-тер мен колхоздардағы зығыр жыйнайтын және конопля жыйнайтын барлық машиналар мен молотилкалардың мейлінше өнімді пайдаланылуы көзделсін. Әрбір машинада сменалық жұмыс нормаларының орындалуына және әрбір МТС-тің салалы зығыр мен конопляні жыйнау және бастыру жоспарын орындауына қатаң бақылау қойылсын.

Аудандық атқару комитеттері мен МТС директорлары зығыр егетін әрбір колхоздың зығыр жыйнау жұмыстарының жұмысшы күшімен қамтамасыз етілуін қарап, жұмысшы күші жеткіліксіз колхоздар бойынша өнді дақылдарды жыйнау және пішен шабу жұмыстарын механикаландыру дәрежесін өткізуді, сөйтіп, салалы зығыр егісін күту және жыйнау жұмыстарына жұмысшы күшін барынша көп босатып алуға көздейтін болсын. Бастырылмаған зығырды өнеркәсіпте қолдану үшін ең алдымен жұмысшы күшімен аз қамтамасыз етілген колхоздардан қабылдап алу ұйымдастырылсын;

в) зығыр егетін және конопля егетін барлық колхоздарда салалы зығыр өнімін кептіргіштерді, зығыр кептіретін құрылыстарды, сарайларды және жаппаларды жөндеу, бұларды салалы зығыр өнімін кептіруге және дұрыс сақтауға қажетті мөлшерде жападан салу, сонымен қатар зығыр өнімі комбайнмен жыйналатын колхоздарда зығыр үймектерін кептіретін төсеніштер мен кермелер жасау жұмыстары мезгілінде аяқталсын;

г) зығыр мен конопля жыйнау жұмысы бүкіл егіннің жаппай пісуін күтпестен, ішінара басталып, жеке участоктерді жыйнауға кірісілсін. Салалы зығыр мен конопля өнімін жыйнау жұмысы әрбір колхозда әрі кеткенде 10—12 күнде аяқталатын болып белгіленсін. Зығыр мен конопляның барлық өнімін жыйнауды күтпестен, зығыр мен конопля бауларын кептірілгеннен кейін іле-шала бастыру қамтамасыз етілсін және бұларды бастыру жұмысы жеке участоктердің өнімі жыйналғаннан кейін 10 күннен кешікпей аяқталатын болсын.

2. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы колхоздарда салалы зығыр мен конопляні мезгілінде жаю және жібіту жұмысын оларды бастырылғаннан кейін іле-шала жүргізу, сөйтіп, зығыр сабағының негізгі бөлегін августа жайып, немесе жібітіп, зығырды жаю немесе жібіту жұмысын 15 сентябрьден кешікпей, ал конопляні жаю немесе жібіту жұмысын — 1 октябрьден кешікпей аяқтау қажет екендігіне ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, партия, совет, және ауылшаруашылық органдарының ерекше назарын аударды. Зығыр мен конопля трестерінің кермеден және жібітуден мезгілінде алынатын, олардың кейіннен өңделіп, мемлекетке тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

3. ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне барлық дайындау пункттерін, зығыр заводтарын, талшық өңдеу заводтарын, салалы зығыр мен конопля трестерін

лардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарына, МТС-тер мен совхоздардың директорларына және колхоздардың басқармаларына мыналар міндеттелсін:

а) барлық комбайндарды, тракторларды, егін орағын машиналарды, молотилкаларды, двигателдерді, мақта жыйнайтын, зығыр жыйнайтын, қызылша жыйнайтын, картоп жыйнайтын және дән тазартатын машиналарды, автомашиналарды, басқа да транспорт және егін жыйнау құралдарын жөндеп, әзірлеу жұмысын егін жыйнау жұмыстары басталғанға дейін аяқтауға шаралар қолданылсын, жөндеу жұмысының сапасына күнбе-күн бақылау қойылсын;

б) егін жыйнау басталғанға дейінгі екі аптадан кешіктірілмей комбайн агрегаттары комбайншылармен, комбайншылардың көмекшілерімен, тракторшылармен, комбайндарды қамтуға керекті тұрақты құрамдағы колхозшылармен және жұмысшылармен толықтырылсын, сол сыяқты, астықты кідіріссіз тасу үшін, жанар май мен суды жеткізу үшін қажетті транспорт бөлінсін. Барлық комбайндар астықты жүріп бара жатқанда түсіруге керекті арнаулы тетіктермен, дөңтүткіштермен жабдықталсын, жығылған астықты жыйнау үшін тетіктер жақсап шығарылсын. Әрбір комбайн агрегаты қажетті аспап-сайманмен, май-су құятын құрал-сайманмен және өртке қарсы құралдармен қамтамасыз етілсін;

в) егін жыйнау кезінде комбайндар мен тракторлардың кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде автомобильдік жылжымалы жөндеу мастерскойларын жабдықталсын, бұл мастерскойлар жөндеу жұмысшыларының іске жетік кадрларымен толықтырылсын. Жылжымалы мастерскойлар анағұрлым керекті запас бөлшектермен, жеке тораптармен және аспап-сайманмен жабдықталсын;

г) МТС-тер мен совхоздарда егін жыйнауға, астық тасуға және егін жыйнаумен қабат келетін басқа жұмыстарды орындауға керекті жанар және жағар материалдарының қажетті мөлшерде дер кезінде тасылсы, жыйнақталуы қамтамасыз етілсін, жанар майдың орынсыз жұмсалыуына жол берілмесін;

д) колхоздар мен совхоздарда астықты уақытша сақтау және тазалау үшін қажетті мөлшерде қырмандар, жаппалар әзірленсін, қырмандарды, астық қоймаларын, астық тазалағын машиналарды, құрал-саймандар мен ыдыстарды дезинфекциялау жұмысы жүргізілсін. Жабдық қырмандар, әсіресе ауа райы ылғалды аудандардың колхоздары мен совхоздарында тәліз жөндейсін және, оның үстіне, қажетті мөлшерде жаңадан салынсын. Қырмандар астық тазалайтын қажетті машиналармен, таразылармен, астық тиесіштермен және астық тазалауға керекті басқа машиналармен, ал ауа райы ылғалды аудандарда — астық кептіргіштермен жабдықталсын; астық тазалау, кептіру және тиесу жұмыстарының барлық процестерін барынша толық механикаландыру қамтамасыз етілсін, қырмандарда астық тазалауды комплексті механикаландыру жөніндегі озат колхоздар мен совхоздардың тәжірибесі кеңінен қолданылсын.

2. ССРО Ауыл шаруашылығы министрігіне, ССРО Совхоздар министрігіне, одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттеріне, өлкелік комитеттерге, облыстық комитеттерге, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне және облыстық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) егін жыйнау басталғанға дейін әрбір колхоз бен совхозда, колхоз бригадаларында, совхоз бөлімшелері мен фермаларында егін жыйнаудың, мемлекетке астық тапсырудың және егін жыйнаумен қабат келетін жұмыстарды жүргізудің — отамалы дақылдар егісін күтін, таза парды баптаудың, жемшөп дайындаудың күздік дақылдар егу үшін бұрын басқа дақылдар егілген жерді парға арнап жыртудың, аңызды сыдыра жыртудың, күздік дақылдар егудің, зяб жыртудың және басқа жұмыстардың жұмыс жоспарлары жасалсын. Дөңді егінді жыйнау басталғанға дейін дөңді егістің нақты участоктері әрбір комбайн агрегатына бекітіліп берілсін, комбайншылардың әрбір участокті қарап шығып, қабылдап алуы қамтамасыз етілсін; комбайн агрегаттарының жұмыс графигі мен ауысу маршруттары жасалып, бекітілсін;

б) әрбір колхоз бен совхозда жақсы жағдайлы егіс қостары жабдықталсын, қоғамдық тамақтану, өнеркәсіп товарлары-

ДӨНДІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАҚЫЛДАРДЫ ЖЫЙНАУ ЖӨНІНДЕ

1. Елімізде егін жыйнауын арттыру едәуір дәрежеде егінді қысқа мерзімде және ырапсыз жыйнап алуға байланысты. Ұйымшылдық қорып және МТС техникасының нашар пайдаланылуы салдарынан колхоздар мен совхоздардың егін жыйнауды кешеуілдетуі, егін өнімінің көп ырап болуына жол беріп отырғанына бұдан былай төзуге болмайды.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрігіне, ССРО Совхоздар министрігіне, партия, совет және ауылшаруашылық органдарына, МТС және совхоз директорлары мен колхоз басқармаларына мыналар міндеттелсін:

а) әрбір дақыл өнімінің ең қысқа мерзімде және ырапсыз жыйналуы қамтамасыз етіліп, егіннің орымай тұрып қалуына жол берілмесін, бұл үшін дөңді егістің пісуіне бақылау қойылып, егін жыйнау жұмыстарының мезгілінде өрістетілуі, егін жыйнаудың бірінші күндерінен бастап барлық комбайндар мен басқа егін жыйнайтын машиналардың жұмысқа қосылуы, бұл машиналардың техникалық және шаруашылық жағынан ойдағыдай қамтылуы ұйымдастырылсын.

Дөңді дақылдарды ырапсыз жыйнау үшін егін жыйнау жұмысында комбайндарды толық пайдалануға ерекше көңіл бөліп, комбайн агрегаттарын маман комбайншылармен және тракторшылармен, колхозшылармен толықтыру, әрбір комбайн агрегатының жұмысын бақылауға алу, партия және совет активінен әрбір 3—5 комбайнға ұйымдастырушылар бөлу қажет, комбайндардың тоқтаусыз және мейлінше өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сөйтіп егін жыйнау жұмыстарының мерзімін едәуір қысқарту қажет. Комбайншының жұмысын маусымдық жұмыс өніміне ғана қарай емес, сонымен бірге оның күндік тапсырмаларды орындауына қарай, егін орылған гектардың санына ғана қарай емес, қайта ең алдымен әрбір гектардан бастырылған астықтың мөлшеріне қарай бағалау керек. Астықты үшінші рет тазалау тетіктерін және комбайндардан таза астық алуы қамтамасыз ететін басқа тетіктерді кеңінен қолдану керек;

б) ауа райы жауын-шашынды аудандардың колхоздары мен совхоздарында егін жыйнауды мерзімінде өткізу және егін ырабына жол бермеу мақсатымен егінді комбайнмен жыйнау жұмысымен қатар, егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап егін жыйнайтын жай машиналар толығымен жұмысқа қосылсын, сөйтіп, ауа райының әрбір қолайлы күні астық оруды, майлауды және бастыруды ең қысқа мерзімде өткізу үшін барынша толық пайдаланылсын, астықты жай машиналармен орудың ізінше баулау, бауларды шөмеледеу, айқыш ұйқыштан және қатарлап қою, тырмалау, масақтарды теріп, жыйнау және орылған астықты маялау жұмыстары ұйымдастырылсын; бұл астықтың мезгілінде бастырылуы қамтамасыз етіліп, МТС-тер, совхоздар мен колхоздар молотилкаларының үздіксіз жұмыс істеуі ұйымдастырылсын;

в) егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап егін жыйнау жұмыстарының сапасына қатаң бақылау қойылсын, сөйтіп комбайн тетіктерінің теріс реттелуі, егін сабағының биік арылуы, жал қалдыру, егін даласында масақ қалдырып қою салдарынан, былғанған астықтың мезгілінде тазаланбауы, дымқыл астықтың мезгілінде кептірілмеуі салдарынан егін өнімінің ырап болуына жол берілмесін. Егінді жыйналған жер күн сайын міндетті түрде қабылдап алынып, байқалған кемшіліктер жойылатын болсын. Комбайндар мен молотилкалардан түсетін астықты мұқият есептеу ұйымдастырылсын, қырмандағы астықты дайындау пункттеріне жөнелткен кезде және қамбаға тапсырған кезде астық міндетті түрде өлшенетін болсын.

2. Құнбағыс пен басқа майлы дақылдарды қысқа мерзімде, ырапсыз жыйнау мақсатымен, бұларды жыйнау жұмысы басталғанға дейін комбайндардың қажетті мөлшерінің қайта жабдықталуы, бұлардың егін жыйнау жұмысына мезгілінде қосылуы және әрбір комбайншының күндік тапсырмаларды орындауы қамтамасыз етілсін. Дөңді оңай түсіп қалатын майлы дақылдардың мезгілінде жыйналуына ерекше назар аударылып, бұлардың орымай тұрып қалуына жол берілмесін.

3. Партия, совет және ауылшаруашылық органдарына, МТС және совхоз директорларына, колхоз басқармаларына жү-

дык техникалық құралдарды шитті мақтаны жыйнауға және дайындауға әзірлеп қоюға шаралар қолдану жүктелсін.

3. ССРО Ауыл шаруашылығы министрігіне, ССРО Совхоздар министрігіне, мақта егетін республикалардың, өлкелер мен облыстардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарына мыналар міндеттелсін:

а) колхоздар мен совхоздарда машинамен жыйнауға арналған мақта егісі мезгілінде бөлініп, әзірленетін болсын, колхоздар мен совхоздарға қажетті мөлшерде химикаттар жеткізу және мақтаны жыйнау алдына оны жапырақтардан арылту жұмыстары ұйымдастырылсын. Мақта жыйнайтын машиналарды жүргізетін маман кадрлар қажетті мөлшерде даярлансын, МТС-тердің, колхоздар мен совхоздардың мақтаны машинамен жыйнау жоспарын толық және асыра орындауы қамтамасыз етілсін;

б) барлық мақтаның қауашағы ашылуына қарай мезгілінде жыйналуы, мақта жыйнауға колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының қажетті мөлшерде қатыстырылуы және олардың мақта жыйнау жұмыс нормаларын толық және асыра орындауы ұйымдастырылсын;

в) мақтаны жыйнау, кептіру, тазалау, тасу кезінде оның ырап болуына жол берілмесін, мемлекетке негізінен таңдамалы, бірінші және екінші сортты шитті мақта тапсыру қамтамасыз етілсін;

г) қажетті мөлшерде мақта кептіргіштер, бетондалған немесе тас төселген алаңдар, сарай-жаппалар салуда және мақта кептіргіштерді жөндеуде колхоздар мен совхоздарға көмек көрсетілсін, сөйтіп, колхоздар мен совхоздарда бұл жұмыстар 15 сентябрьден кешікпей аяқталсын, дымқыл көп шитті мақтаның үздіксіз кептіріліп, оның мемлекетке мерзімінде тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

4. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Өзбек ССР-інің, Түркмен ССР-інің, Қырғыз ССР-інің және Қазақ ССР-інің мақта егетін кептеген колхоздары мен совхоздарында мақта сабағының қыс ортасына дейін орымай қалуын, соның салдарынан келесі жылдың мақта егісіне зяб жырту, жерді тегістеу, сортаңданған жерді шаю сыяқты маңызды жұмыстардың және басқа шұғыл жұмыстардың жыл сайын орыдалмай қалуын теріс деп санайды. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы бұл есеуді кемшіліктерді жоюды, суықтан кейінгі мақта жыйнауды кешеуілдетуге жол бермеуді, мақтаның сабағын жаппай жыйнауға, зяб жыртуға, сортаңданған жерді суарып шаюға және 1955 жылғы мақта егісінің мақта әзірлік жұмыстарына мезгілінде кірісуді талап етеді.

5. ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрігіне 1954 жылғы 15 августқа дейін барлық дайындау пункттерін жөндеуді аяқтауды және оларды бийлығы жылғы шитті мақта өнімін қабылдап алуға әзірлеуді қамтамасыз ету, 1954 жылғы 1 сентябрьге дейін дайындау пункттерінің мақта үйлетін алаңдары мен территорияларына тас төсеп, асфальт-тау жұмыстарын аяқтау және 1954 жылғы 1 октябрьге дейін шитті мақта мен оның егістік тұқымын сақтауға керекті жаңа қоймалар салу міндеттелсін. Мақта заводтары мен дайындау пункттерін жаңа өнімнің шитті мақтасын қабылдап алуға, сақтауға және қайта өңдеуге мезгілінде әзірлеу үшін оларды қурылыс материалдарымен және жабдықтармен бірінші кезекте жабдықтау қамтамасыз етілсін.

САЛАЛЫ ЗЫҒЫР МЕН КОНОПЛЯ ЖЫЙНАУ ЖӨНІНДЕ

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы 1953 жылы зығыр мен конопля егетін біркатар республикаларда, өлкелер мен облыстарда зығыр мен конопляны жыйнау жұмысының төзгісіз ұзаққа созылғанын атап көрсетеді. Кострома облысының колхоздарында зығыр уқалау жұмысы 65 күнге, Киров облысы мен Литван ССР-інің колхоздарында — 80 күнге созылды, конопляны теріп алу жұмысы Курск облысының колхоздарында 60 күнге, Пенза облысының колхоздарында — 75 күнге созылды. Зығыр мен конопляны бастыру, керіп жаю және жібіту, оларды кермеден және суларыштан алу жұмыстары мүлде төзгісіз кешеуілдетілді. МТС-тер мен колхоздардағы зығыр мен конопля жыйнайтын, бастыратын және бірінші рет өңдейтін машиналар жеткіліксіз пайдаланылды, зығыр мен коноп-

цехтарды салалы зығыр мен конопляны дайындау жұмысы басталғанға дейін әзірлеу, сөйтіп, зығыр мен конопля трестерін қабылдап, қайта өңдеу жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізу міндеттелсін.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ЖЫЙНАУ ЖӨНІНДЕ

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы 1954 жылғы қант қызылшасы өнімін жыйнап, оны қызылша дайындайтын пункттерге ырапсыз тасып жеткізу және оны қант заводтарының мезгілінде қайта өңдеу жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдарының және қант өнеркәсібі қызметкерлерінің аса маңызды міндеті болады деп санайды.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрігіне, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрігіне, одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттеріне, СОКП өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттеріне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне қант қызылшасы егісін күтуді күшейтуге шаралар қолдану, сөйтіп, қант қызылшасы шығымдылығының 1954 жылға белгіленген жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету, сонымен қатар қант қызылшасын ырапсыз мезгілінде жыйнау шараларын жүзеге асыру тапсырылсын.

2. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан МТС-тер мен совхоздардағы қант қызылшасын жыйнайтын қызылша комбайндары мен қызылша қазғыштардың толық пайдаланылуына ерекше назар аударуды, қолмен істелетін жұмысты барынша қысқартуды және қызылшаны жыйнаған кезде қызылша өнімінің ырабына жол бермеуді, бұл үшін МТС-тер мен совхоздардағы қызылша қазғыштар мен қызылша комбайндарының бөріні мезгілінде жөндеп, әзірлеп қоюды және қызылша жыйнау талғанға дейін қажетті мөлшерде тракторлар бекітіп беруді талап етеді.

3. Қант қызылшасын қазу және оны қант заводтары қызылша дайындайтын пункттерге тасу жұмысын аяқтау мынадай мерзімдері белгіленсін:

	Қазуды	Тасуды
	аяқтау	аяқтау
Украин ССР-інде	25 октябрьде	5 ноябді
Молдаван ССР-інде	1 ноябрьде	20 ноябді
Қазақ ССР-і мен Қырғыз ССР-інде	15 ноябрьде	1 декабр
Грузин ССР-інде, Армян ССР-інде және Краснодар өлкесінде	10 ноябрьде	1 декабді
Литван ССР-інде, Латвия ССР-інде, Эстон ССР-інде және Белорус ССР-інде	20 октябрьде	10 ноябрьде
Алтай өлкесі мен Бурят-Монгол АССР-інде	10 октябрьде	1 ноябрьде
Воронеж, Курск, Тамбов, Пенза облыстарында және қызылша егетін басқа аудандарда	20 октябрьде	5 ноябрьде

Қызылша өсіретін аудандардағы республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттері, жергілікті жағдайы және қызылшаның өсуін еске ала отырып, қант қызылшасын жыйнау жоспарлары мен оны жаппай қазу жұмысын бастау мерзімдерін белгілейтін болсын.

4. ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрігіне 1954 жылғы 15 августтан кешікпей барлық дайындау пункттерін қант қызылшасын қабылдауға әзірлеу, қолда бар таразы шаруашылығын жөндеу, құрал-сайман және қызылшаны жабуға қажетті мөлшерде қамыс қалқандар әзірлеу, сөйтіп, қызылша дайындайтын пункттерді таразышылардың, қататшылардың, қызылша сұрыптаушылардың тәжірибелік кадрларымен толықтыруға ерекше назар аудару міндеттелсін.

Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы

СОКП Орталық Комитеті Пленумының 1954 жылғы 24 июньде қабылдаған қаулысы

(Жалғасы)

Қызылша егетін аудандардағы республикалардың Министрлер Советтері, өлкелік атқару комитеттері, облыстық атқару комитеттері және ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі қызылша егетін аудандарда жолдар салу және жөндеу, сонымен қатар қызылша дайындайтын пункттерге баратын кірме жолдар салу және жөндеу жұмыстарын 1954 жылғы 15 августқа дейін аяқтауға шаралар қолданатын болсын.

КАРТОП, ОВОЩЬ ЖӘНЕ ЖЕМІСТЕР ЖЫЙНАУ ЖӨНІНДЕ

1. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы бірқатар облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарының 1953 жылы картоп пен овощты қысқа мерзімде жыйнауға әзірлену және оны өткізу жөнінде жеткілікті шаралар қолданбағанын, мұның өзі картоп пен овощты жыйнау жұмысының кешіктіріліп, бұл дақылдар өнімінің көп ысрап болуына әкеліп соқтырғанын атап көрсетеді. Калинин, Владимир, Ярославль, Киров, Иваново облыстарының, Белорус ССР-інің көптеген колхоздарында картоп егісінің бір бөлігі жыйналмай қалды. Сонымен қатар жыйналған өнімді ойдағыдай сақтауға қажетті шаралар қолданылмай, мұның салдарынан көптеген колхоздар мен совхоздарда картопты көмбелеу және сақтау үшін үю жұмыстары картоп түйнегін тиісінше әзірлемей және сорттамай жүргізілді. Сауда және дайындау ұйымдары, колхоздар мен совхоздар, едетте, овощты және күйінде ұзақ уақыт сақтау жұмысын ұйымдастырмады.

2. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігіне, облыстардың, өлкелердің және республикалардың партия, совет, ауылшаруашылық органдарына овощ пен картопты жыйнау жұмысын быйылғы жылы мезгілінде бастап, аяқтауды қамтамасыз ету және бұл дақылдар өнімінің ысрап болуына жол бермеу міндеттелсін.

Бұл мақсатпен картоп пен овощ жыйнау жұмысы барында толық механикаландырылып, картоп жыйнайтын көзбайлардың, қызылша қазғыштардың бәрі және басқа машиналар мен механизмдер өнімді пайдаланылсын. Бұл машиналарда жұмыс істеу үшін қажетті мөлшерде механизатор кадрлары даярдалсын, картоп пен овощты механизммен жыйнау техникасын игеру жөнінде олар арнаулы практикалық оқудан өткізілсін, комбайнмен, қызылша қазғышпен және басқа машиналармен жыйналуға тиісті картоп пен овощ участкалары әрбір агрегатқа бекітіліп берілсін.

Быйылғы жылы картоп пен овощ егісінің едәуір көлемін қолмен жыйнауға тура келетіні ескеріліп, облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарына картоп жыйнауға алғашқы күндерінен бастап қажетті мөлшерде колхозшылар мен совхоз жұмысшылары бөлу, бұлардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру және барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының жұмыс нормаларын толық және асыра орындауын қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Овощ тапсыру, заттай ақы төлеу міндеттемелерін және мемлекеттік сатып алу жоспарын орындараннан кейін басы артық овощты неғұрлым тиімді пайдалану, халықтың жас овощты тұтыну маусымын ұзарту және овощ шаруашылығынан түсетін табысты арттыру мақсатымен овощты қысқы-көктемгі маусымда сату үшін оны ең қарапайым әдіспен қайта өңдеуді, жас капуста мен асханалық тамыр-жемістерді көмбелерде, траншеяларда және қоймаларда сақтауды ұйымдастыру колхоздар мен совхоздарға ұсынылсын. Орталық тұтынушылар одағы, Орталық кәсіпшілік советі жәшіктер мен кеспек-мысқал жасап, оларды колхоздарға сатуға қажетті шаралар

мезгілінде кешіктірмей және тазаланбай бүлінуге ұшыратылды.

Дайындау министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, көптеген облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдары сортты тұқымдардың мемлекеттік қорларын жасауға қажетті шаралар қолданбады, бұл тұқымдарды дайындау жоспарының орындалуын қамтамасыз етпеді, сортты тұқымдардың несіздікке салынуына және бірқатар жағдайда мұндай тұқымның бейімделмеген орындарда сақталуына жол берді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан 1954 жылы әрбір колхоз бен совхозды өздерінде өсірілген ауылшаруашылық дақылдарының сапасы жақсы сортты тұқымдарымен толық қамтамасыз етуге шаралар қолдануды талап етеді.

2. Тұқым қорларына тұқым себудің агротехникалық нормаларын ескере отырып, ең алдымен тұқымдық учасқтардан түскен өнімнен алынған таңдамалы сортты тұқымдар күйылуіне тиіс деп белгіленсін. Тұқым учасқтарынан алынған таңдамалы тұқым жеткілікті болған күнде мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындағанға дейін жалпы егістің неғұрлым мол өнімді участоктерінен алынған таңдамалы тұқымдар күйылатын болсын. Сақтық және ауыспалы тұқым қорларын құю жұмысы мемлекетке астық тапсыру жоспары орындалғаннан кейін жүргізілсін.

Облыстық атқару комитеттері, өлкелік атқару комитеттері және республикалардың Министрлер Советтері, тұқым себудің агротехникалық нормаларына және колхоздар мен совхоздарға белгіленген егіс жоспарына сүйене отырып, егін жыйнау басталғанға дейін колхоздар мен совхоздарға тұқым құю жоспарын белгілеп беретін болсын.

3. Қазақстанның, Поволжьеңің, Сибирьдің және еліміздің басқа шығыс аудандарының колхоздары мен совхоздарының тың және тыңайған жерлерде егу үшін қатты бидайдың сапасы жақсы сортты тұқымдарымен қамтамасыз ету мақсатымен Дайындау министрлігіне тұқымға жарамды қатты бидай астығын дайындауды, мұндай бидайды бөлек маялауды, ойдағыдай сақтауды және тың жерлер игерілетін аудандарға мезгілінде тасын жеткізуді қамтамасыз ету міндеттелсін.

4. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, партия, совет және ауылшаруашылық органдарына колхоздар мен совхоздарда картоптың тұқым қорларына, картоп отырғызудың агротехникалық нормалары бойынша, аудандастырылған сорттардың іріктеліп алынған түйнектерінің қажетті мөлшерде толық күйылуін қамтамасыз ету міндеттелсін. Картоптың сортты тұқымы жоқ колхоздар мен совхоздарда егін жыйнау кезінде жай картопты сортты картобы артылып калатын колхоздар мен совхоздардағы сортты картопқа айырбастау немесе сатып алу жұмысы ұйымдастырылсын.

5. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне және Дайындау министрлігіне колхоздар мен совхоздарда тұқым өсіру ісін жақсарту туралы, 1954 жылғы егіннен сортты тұқымдар мен сортты картоп дайындау жоспары туралы, сортты тұқымдардың мемлекеттік қорын жасау және колхоздар мен совхоздардың сортты тұқымдар өндіріп, тапсыруға материалдық ынталылығын арттыру туралы, ССРО Министрлер Советіне ұсыныстар енгізу міндеттелсін.

НУЗДІҢ ДАҚЫЛДАР ЕГІСІН ӨТКІЗУГЕ ӘЗІРЛЕНУ ЖӨНІНДЕ

кілікті мөлшерде қанағаттандырылмай келеді. Сонымен бірге, Дайындау министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, ССРО Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі, Орталық тұтынушылар Одағы, көптеген облыстардың, өлкелердің және республикалардың партия және совет органдары ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу ісіне қанағаттанғысыз басшылық етіп келеді, олар өткен жылғы дайындау жұмысын жүргізу тәжірибесінен тиісті сабақ алған жоқ, ал өткен жылы бірқатар аудандарда ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алуының мемлекеттік жоспары орындалмай қалған болатын.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия, совет, ауылшаруашылық және дайындау орындарының басшыларына астық және басқа ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарларын орындау колхоздар мен совхоздардың аса маңызды міндеті болып табылатынын ескерту қажет деп есептейді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттеріне, өлкелік және облыстық партия комитеттеріне, Дайындау министрлігіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу ісіне басшылықты жақсартуды, мемлекеттік және дайындау тәртібінің нығайтылуын қамтамасыз етуді, партия, совет, ауылшаруашылық және дайындау органдарының басшыларына колхоздардың, совхоздардың және жеке тапсырушылардың мемлекет алдындағы барлық міндеттемелерді орындау үшін талапты күшейтуді міндеттейді.

2. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы былай деп есептейді: ауылшаруашылық өнімдерін міндетті тапсырудың мөлшерін азайтуға байланысты, колхоздар мен колхозшылардың товарлық өнімдердің едәуір бөлігін мемлекетке арттырылған баға бойынша сатуына мүмкіндік бар. Бұған қарамастан, ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу ісі едәуір дәрежеде, өз бетіне жіберілген. Көптеген жергілікті партия, совет және дайындау органдары ауылшаруашылық өнімдерін мемлекетке сатып алуға жете мән бермейді, оны мемлекеттің бұл өнімдерге деген талабын қамтамасыз етудің аса маңызды көзі деп біліп, сатып алудың мемлекеттік жоспарларын сөзсіз орындау үшін қажетті шаралар қолданбайды. ССРО Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі, Орталық тұтынушылар одағы және Дайындау министрлігі тарапынан бұл аса маңызды іске басшылықтың өте қанағаттанғысыз болуы нәтижесінде малшаруашылық өнімдерін сатып алу жұмысы нашар жүргізіліп келеді, көптеген колхоздармен мемлекетке сүт, ет, жүн сату жөнінде дөғөвор жасалмаған, ал көптеген аудандардың колхоздары сатқан өнімдері үшін, уақтылы жеткізілмеуі салдарынан, кооперациядан қажетті өнеркәсіп товарларын ала алмай келеді. Орталық тұтынушылар одағы мен оның жергілікті органдары колхоздарға өнеркәсіп товарларын қарсы сату жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді нашар орындайды, бөлінген товарлар мен жемшөнті талап таража салудың және тиісті орнына пайдаланбаушылықтың толып жатқан фактілеріне тыйым салмайды, колхоздарға өнеркәсіп товарларын, әсіресе, жүк автомашиналарын, жамылғы материалдар және басқа товарлар сату жөнінде көп борышты болып отыр, олар дайындалған өнімдерді тайлауға және тасуға қажетті ыдыстармен қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолданбайды.

Дайындау министрлігінен, ССРО Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігінен, Орталық тұтынушылар одағынан, облыстардың, өлкелердің және республикалардың партия және совет органдарынан малшаруашылық өнімдерін сатып алу

мен совхоздардың басшыларын астық дайындауға техникалық базаны уақтылы әзірлеу шараларын қолданып, егін жыйнауың алғашқы күнінен бастап мемлекетке астық тапсыруды ұйымдастыруға, сөйтіп, әрбір колхоздың астық, майлы дақылдар тапсыру, МТС-тердің жұмысы үшін табыс етілген есептер бойынша заттай ақы төлеу, қарыз алған тұқымды қайтару жөніндегі міндеттемелерді заңда белгіленген мерзімдерде орындауын және әрбір совхоз бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге міндеттейді. Дәнді және майлы дақылдарды сатып алу жоспарының сөзсіз орындалуы қамтамасыз етілсін.

4. Колхоздар мен колхозшылардың дәнді және майлы дақылдар өндіруге материалдық ынталылығын арттыру мақсатымен:

1954 жылдың өнімінен бастап колхоздардың мемлекетке астық пен майлы дақылдар тұқымын міндетті түрде тапсыруының қолданылып келген нормалары кемітіліп, бұл дақылдарды арттырылған баға бойынша мемлекетке сатып алу мөлшері көбейтілсін;

1954 жылдан бастап машина-трактор және арнаулы станциялардың колхоздарда астық, майлы дақылдар егу жөніндегі жұмыстарына заттай ақы төлеу үшін әрбір аймақтар бойынша берік, дифференциалық мөлшерлері енгізілсін.

Дайындау министрлігі мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық және дайындау органдарына мемлекетке міндетті түрде астық пен майлы дақылдар тұқымын тапсырудың тұрақты гектарлық нормаларын, МТС-тердің жұмысы үшін заттай ақы төлеудің берік мөлшерлерін колхоздарға жеткізу, сөйтіп, міндетті түрде тапсырудың аудандар бойынша белгіленген нормалары мен заттай ақы төлеудің берік мөлшерлерінің орындалуына қатаң бақылау жасап отыруды қамтамасыз ету міндеттелсін.

Жергілікті өкмет орындарының мемлекетке астық пен майлы дақылдар тұқымдарын тапсыру жөнінде колхоздарға тапсырманы міндетті тапсырудың белгіленген гектарлық нормалары бойынша колхоздардың алған міндеттемелерінен, сол сияқты МТС-тердің жұмысы үшін тапсырылған есептерден артық беруіне тыйым салынсын.

5. 1954 жылдың өнімінен бастап колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің, балық аулайтын және кәсіпшілік артельдері мүшелерінің шаруашылықтары мемлекетке міндетті түрде астық тапсырудан босатылсын.

6. Колхоздардың, колхозшылардың және басқа жекеше астық тапсырушылар шаруашылықтарының міндетті түрде астық тапсыру және МТС-тердің жұмысы үшін заттай ақы төлеу жөніндегі борыштары кешірілсін.

7. Барлық мемлекеттік, колхоздық және кооперативтік диірмендерде, жарма түйетін, май сығатын жуаздарда дәнді, дәнді-бұршақты, жармазық және майлы дақылдарды, күршіті тартқаны үшін барлық астық тартқызушылардан қалда (заттай) алу жойылсын, оның орнына бұл дақылдарды тартқаны және өңдегені үшін одақтас республикалардың Министрлер Советтері белгідеген мөлшер бойынша ақшалай ақы алынатын болып белгіленсін.

8. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның жергілікті органдарына, сол сияқты машина-трактор және арнаулы станциялардың директорларына дәнді және майлы дақылдар жөнінде станциялардың істеген жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің есептерін колхоздарға табыс етуді, комбайнмен астық жыйнауы, астық жайыруды, астық тазартуды, тасуды және кешіруді қоспағанда егін жыйнауың басталуынан кемінде бір ай бұрын қамтамасыз ету міндеттелсін, сол сияқты, колхоздардың заттай ақы төлеу

ССР-нің, Грузия ССР-нің, Өзбек ССР-нің, Тәжік ССР-нің, Қазақ ССР-нің, Молдавия ССР-нің, Азербайжан ССР-нің, Армения ССР-нің, Краснодар және Ставрополь өлкелерінің партия, совет және ауылшаруашылық органдарының наразы бақтарды, жүзімдіктерді, цитрус өсімдіктерін, шай плантациялары мен тұт ағаштарын күтуді жақсарту қажеттігіне аударылысын.

Жоғарыда көрсетілген республикалар мен өлкелердің партия, совет және ауылшаруашылық органдарына жемістер, жүзім, субтропиктік дақылдар, шай және жібек пілзесі өнімдерінің мезгілінде жыйналуын қамтамасыз ету және бұларды дайындау жоспарын орындау жөнінде қажетті шаралар қолдану міндеттелсін.

ТЕМЕКІ МЕН МАХОРКА ЖЫЙНАУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕ

Темекі мен махорка өнімін мезгілінде жыйнау және бұл дақылдардың өнімін дайындау жоспарын сөзсіз орындау мақсатымен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігіне, жергілікті совет және партия органдарына мыналар міндеттелсін:

а) темекі мен махорканың арамшөптерін өтау және қатаралықтарын қоныту жұмысының мұқият жүргізілуі, бұлардың кеселдері мен зиянды жәндіктеріне қарсы күресу шараларының орындалуы қамтамасыз етілсін;

б) темекі мен махорка кептіретін орындарды жөндеу мезгілінде аяқталсын және колхоздар мен совхоздарда бұл мақсаттарға басқа құрылыстар бейімделсін;

в) колхоздар мен совхоздарда темекі мен махорканы дұрыс булықтыру тәртібінің сақталуы, сонымен қатар кептірілген темекінің бүдінуіне жол берілмей, оның жабық орындарда сақталуы қамтамасыз етілсін;

г) темекі мен махорканы жыйнау барлық жерде де үсік пен бекенге дейін аяқталсын, темекі мен махорканы жыйнау үшін кептіру жұмысымен қатар, оларды тасу және мемлекетке тапсыру жұмысы ұйымдастырылсын.

ТҰҚЫМ УЧАСТОКТЕРІНІҢ ӨНІМІН ЖЫЙНАУ ЖӨНІНДЕ

үшін, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігі-орбірқатар облыстардың, өлкелер мен республикалардың мен я, совет және ауылшаруашылық органдарының қол-бірін мен совхоздарды егіс жоспарларын орындау үшін нды ті мөлшерде ауылшаруашылық дақылдарының өздері тырған сортты тұқымдарымен қамтамасыз ету ісіне ойдағы н бардың бөлмей отырғанын атап көрсетеді. Тұқым кую-тай, к 1953 жылы белгіленген тәртібі әрбір колхоз бен нді, жң қажетті мөлшерде таңдамалы сортты тұқымдар қолд-амтамасыз етуге мүмкіндік берген еді, бірақ Бело-ССР-нің, Эстон ССР-нің, Смоленск, Владимир, Калинин, Кострома, Ярославль, Великие Луки, Новгород, Псков, Киров, Казань, Тула, Молотов облыстарының және кейбір басқа облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет, ауылшаруашылық органдары тұқым участок-терінің өнімін жыйнауды, жалпы егістен алынған тұ-қымды бастырып, құяды төзгісіз кешеуілдетті, соның сал-дарынан көптеген колхоздар өздерін сортты тұқымдармен қамтамасыз етпеді, ал колхоздар тұқымның едәуір бөлегі

өздері мен республикаларда, күздік дақылдарды өсіру ісінде елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Көптеген колхоздар мен совхоздарда күздік дақылдар егуге арналған жерлер мезгілінде және сапалы бапталмайды, парларға органикалық және минералдық тыңайтқыштар аз енгізіледі, күздік дақылдар егу мерзімдері өрескел бұзылып жүр — күздік егістің жартысына жуығы төзуге болмайтын кемші-кен мерзімдерде жүргізілуде. Көп жағдайда күздік егістің нор-малары кемітіліп, сапасыз тұқымдар себіледі. Мұның бәрі күз-дік дақылдар өнімінің кемуіне әкеліп соқтыруда.

2. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл ша-руашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, одақтас республикалар компартияларының Орталық Коми-теттеріне, партияның өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттеріне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өл-келік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне мыналарды міндеттейді:

а) быйылғы жылы колхоздар мен совхоздарда күздік да-қылдар егілетін жерлерді мезгілінде, өте сапалы баптау, тыңайтқыштар енгізу және күздік дақылдар егу жұмысын, жергілікті жағдайға сәйкес, ең жақсы агротехникалық мерзім-дерде өткізу қамтамасыз етілсін.

Бірқатар облыстарда күздік дақылдардың едәуір көлемі-нің бұрын алғы дақылдар егілген пар емес жерлерге егіле-тіндігі ескеріліп, бұл жерлерді алғы дақылдарды жыйнау-дың ізінше, бірақ күздік дақылдар егуге дейін 2—3 аптадан кешікпей мезгілінде жыртуға ерекше назар аударылысын;

б) күздік егіске жоғары сапалы тұқымдар әзірлеуге және ең алдымен, егістік сапасы жақсы сортты тұқымдарды егіске толық пайдалануға ерекше назар аударылысын, тұқым себу нормасының кемітілуіне жол берілмесін, күздік дақылдар егу-де тарқатарлы және тоғыспалы әдістер кеңінен қолданылсын. Тұқым участоктерінде күздік дақылдардың ең жақсы аудан-дастырылған сорттарының таңдамалы тұқымдарының себілуі қамтамасыз етілсін;

в) күздік дақылдар, ең алдымен күздік бидай еккен кез-де қатарларға енгізу және күздік дақылдың көгін күзде үстеп қоректендіру үшін түйірлі суперфосфаттың кеңінен қолданы-луы қамтамасыз етілсін. Күзгі уақытта күздік егістерді мал түсіп, басын таптаудан қатаң қорғау ұйымдастырылсын, Күздік егістерде қар тоқтау қамтамасыз етілсін.

3. Батыс Сибирдің, Уралдың, Солтүстік Қазақстанның және Заволжьенің бірқатар аудандарында күздік дақылдар-дың қыстап шығу жағдайының қолайсыз болуы салдары-нан мұндай дақылдардың аз өнім беріп жүргені немесе мүлде шықпай қалатындығы ескеріліп, жоғарыда көрсетіл-ген аудандардың жергілікті совет және ауылшаруашылық органдарының күздік дақылдар егісін жоспарлаған кезде оны жаздық бидай егісімен, өз еркінше, ауыстыруына право беріл-сін, бірақ азық-түлік дақылдар егісінің көлемі жөніндегі тапсырмалардың орындалуы қамтамасыз етілсін.

4. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл ша-руашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, жер-гілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарына быйылғы жылы әрбір колхоз бен совхозда зябь жыртудың мем-лекеттік жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету, сөй-тіп, 1955 жылы жаздық дақылдарды, әдетте, жыртылған зябь пен парға егу міндеттелсін.

IV.

Ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарларын орындауды қамтамасыз ету туралы

1. Ауылшаруашылық өнімдерін міндетті түрде тапсыру мөлшерін белгілеудің гектарлық принципін өрескел бұзушы-лықты және дайындауды жоспарлаудағы елеулі қателерді жою жөніндегі Партия мен Үкмет жүргізген шаралар, ауыл-шаруашылық өнімдерін арттырылған бағамен мемлекетке сатып алуды көбейту, ауылшаруашылық өндірісін оркенде-туге колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталы-лығын арттыруды көздеген және басқа шаралар бйылығы

жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және са-тып алудың мөлшерін анағұрлым көбейтуге, сөйтіп, бұл ша-раларды ойдағыдай жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көр-сетеді: ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың көлемі көбейгеніне қарамастан тамақ өнімдерінің бағасын үнемі кеміту және халықтың тұтыну талабының артуы нәтиже-сінде, мемлекеттің бұл өнімдерін керек етуі әлі де болса жет-

кілік және басқа ауылшаруашы-лық өнімдерін сатып алу-дың мемлекеттік жоспарларын орындауды қамтамасыз ету талап етілсін.

Халықты ауылшаруашылық өнімдерімен, өнеркәсіпті ши-кізетпен жабықтау, астық, күріш, майлы дақылдар тұқы-мын, картоп, овоц, ет, сүт, жұмыртқа және жүн дайындау, олардың мемлекетке сатып алу жоспарларының, біріншай жалпы мемлекеттік жабықтау жоспары ретінде толық орын-далуына байланысты екенін ескере отырып, бұл өнімдерді дай-ындаудың және сатып алудың республикалар, өлкелер, об-лыстар және аудандар бойынша жоспарлары дайындау және мемлекетке сатып алу жоспарларының тұтас орындалған жағдайында ғана орындалған болып есептелетін болсын.

Жүгері мен гречиханың кеш пісетініне байланысты және колхоздардан мемлекетке астық сатып алуды ойдағыдай өт-кізу мақсатымен, аудандық атқару комитеттеріне, Дайындау министрлігінің аудандық уәкілінің ұсынуы бойынша жүгері мен гречиха тапсыру жөнінде жоспарлары бар және астық тапсыру, қарызға алған тұқымды қайтару, астық дақылдары жөнінде табыс етілген есептер бойынша заттай ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындаған колхоздардан, мемле-кетке жүгері және гречиха тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындағанға дейін бұл дақылдардан астық өткізуді заң бойынша белгіленген мерзімдерде орындауды қамтамасыз ету үшін, мемлекетке астық сатып алу жұмысын жүргізуіне дай-ындау органдарына рұқсат ету правосы берілсін.

Дайындау ұйымдарының астық тапсыру, МТС-тердің жұ-мысы үшін тапсырылған есептер бойынша заттай ақы төлеу және қарызға алған тұқымды қайтару жөніндегі өз міндетте-мелерін орындаған колхоздардан 1954 жылдың өнімінен мем-лекетке астық сатып алу жұмысын жүргізуіне рұқсат беріл-сін, мұнда астық дайындаудың мемлекеттік жоспарының ауд-дан, облыс, өлке және республика бойынша тұтас орындалуы шарт емес.

3. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көр-сетеді: Дайындау министрлігі 1954 жылдың өнімінен ас-тық дайындауға әзірлікті қанағаттанғысыз жүргізіп отыр, ол өткен жылдардың қателіктері мен кемшіліктерін қайта-лауда, ал өткен жылы астық дайындау пункттері бірқатар облыстарда уақтылы әзірленбеуі салдарынан колхоздар мен совхоздардан келген астықты қабылдау кідірілген болатын, дайындалған астықты толып жатқаны үймелерде сақталған, сөйтіп астықтың дайындау пункттерінде сақталу кезінде сапасын нашарлату және бұзылып кету фактілері де орын алған.

Дайындау министрлігі астық қоймаларын салу жоспарын орындауды ұзаққа созып жіберді. Осы жылғы 10 июньге дейін астық қоймаларын салу жоспары 7,9 процент қана орындалған, ал пайдалануға берілген қойма үйлерінің сый-ымдылығы 1953 жылғы осы уақытпен салыстырғанда 236 мың тонналық кем болып отыр. Элеваторлар құрылысы өте қанағаттанғысыз жүргізілуде. 1954 жылдың алғашқы жарты-сында 29 элеваторды пайдалануға беру керек еді, ал іс жү-зінде олардан жалғыз элеваторлар ғана пайдалануға берілген. Ростов, Саратов, Чкалов, Куйбышев, Пенза, Челябин облыста-рында, Краснодар өлкесінде, Башқұрт АССР-інде және Қазақ ССР-інің көп облыстарында осы уақытқа дейін бірде-бір ас-тық-қоймасы салынып біткен жоқ. Сол сияқты, астық дайы-ндау пункттерінің техникалық базасын жөндеу де баяу қар-қыммен жүргізілуде. Қойма үйлерін күрделі жөндеудің жо-спары 67 процент, күнделікті жөндеу — 86 процент қана орындалған. «Союзгазотранс» пен «Совхозтрансардың» авто-мобиль паркін астық және басқа ауылшаруашылық өнімдерін тасуға әзірлеу өте нашар ұйымдастырылып отыр.

1954 жылы астық дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарын орындау мақсатымен, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Дайындау министрлігін, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігін, ССРО Совхоздар министрлігін, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігін және карауында совхоздар мен көмекші шаруашылығы бар басқа министрліктер мен ведомстволарды, облыстардың, өлкелер-дің және республикалардың партия, совет, ауылшаруашы-лық және дайындау органдарын, колхоздардың, МТС-тер

және басқа ауылшаруашы-лық өнімдерін сатып алу-дың мемлекеттік жоспарларын орындауды қамтамасыз ету талап етілсін.

Машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар-дың директорларының жеке бастарына машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялардың жұмыстары үшін заттай ақы төлеуді дұрыс және уақтылы есептеу үшін, есептерді колхоздарға белгіленген мерзімде тапсырып оты-ру үшін және колхоздардың тапсырылған есептер бойынша заттай ақы төлеу ретіндегі тиісті астық пен басқа ауылшар-уашылық дақылдарын тапсыру үшін мемлекет алдында жауапкершілік жүктелсін, ал, Дайындау министрлігінің аудандық уәкілдеріне ауылшаруашылық өнімдерін мемле-кетке тапсыру міндеттемелерінің орындалуымен қатар, заттай ақынның да толық түсуі үшін жауапты болу жүктелсін.

9. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Сов-хоздар министрлігіне, Дайындау министрлігіне, жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық және дайындау органдарына жармалық және дәнді дақылдардың уақтылы және ыс-рапсыз жыйналуын, бұл дақылдардың астығын дайындау жоспарларын әрбір колхоз бен совхоздың орындауын қамта-масыз етіп, сол сияқты, колхоздар мен колхозшылардан тари-ны, гречиханы, бұршақты және басқа жармалық дәнді, бұршақты дақылдарды мемлекетке сатып алу жұмысын кеш өрістету міндеттелсін.

10. Мемлекеттік астықты және майлы дақылдардың тұ-қымын уақтылы және кідіріссіз қабылдауды дұрыс орналаст-тырып, толық сақтауды қамтамасыз ету үшін Дайындау ми-нистрлігіне, ССРО Министрлер Советі жанындағы мемлекет-тік материалдық резервтердің Жоғары басқармасына, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне, Орталық тұ-тынушылық одағына, жергілікті партия, совет және дайындау органдарына мыналар міндеттелсін:

а) астық дайындау басталғанға дейін барлық дайындау пункттері мемлекет астығын және басқа ауылшаруашылық дақылдарын үздіксіз қабылдауды, тасып жеткізуді және сақтауды іс жүзінде қамтамасыз етуге қабілеті бар қызмет-керлермен толықтырылсын.

б) элеваторларды, қоймаларды, астық кептіргіштерді, ыдыстарды, механизм құралдарын, кіреберіс жолдарды, сол сияқты, бүкіл астық тазартатын, өлшейтін және лаборатор-иялық құрал-жабдықтар мен аспаптарды жөндеу, толық әзірлік жағдайына келтіру — оңтүстік аудандарда 1 июльден кешікпей, орталық аудандарда — 10 июльге дейін, ал қалған аудандарда — 20 июльге дейін аяқталсын. Астық дайындау басталғанға дейін қойма үйлері, астық кептіргіштер, дйр-мендер, элеваторлар және дайындау пункттерінің қойма ма-ңыздығы жерлері дезинфекциялансын.

11. Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье аудандарында және ішінара Солтүстік Кавказ аудандарында дәнді да-қылдар егісінің ұлғаюына байланысты, сол сияқты, бұл ауд-андарда мемлекеттік дайындау пункттеріне түсетін астық-тың қабылдануын, орналастырылуын және толық сақта-луын қамтамасыз ету мақсатымен, Дайындау министрлігі-не, РСФСР Министрлер Советіне және Қазақ ССР-інің Ми-нистрлер Советіне ССРО Министрлер Советінің 1954 жылғы 7 июльдегі «Тың және тыңайған жерлерді игеретін аудан-дарда Дайындау министрлігінің элеваторлары мен астық қой-маларын салу туралы» қаулысын орындауды қамтамасыз ету міндеттелсін, атап айтқанда:

а) 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді меңгеретін аудандарда жалпы сыйымдылығы 1.824 мың тонналық ас-тық қоймалары, жалпы сыйымдылығы 375 мың тонналық элеваторлар салынып, пайдалануға берілсін, оның ішінде РСФСР-да сыйымдылығы 1.341 мың тонналық астық қойма-сы мен 326 мың тонналық элеватор, Қазақ ССР-інде — сый-ымдылығы 483 мың тонналық астық қоймалары мен 49 мың тонналық элеватор салынсын;

ҚАУЛЫНЫҢ СОҢЫ

(Соңы. Басы 2-3-беттерде)

б) 1955 жылы тың және тыңайған жерлерді меңгеретін аудандар жалпы сыйымдылығы 11.000 мың тонналық астық қоймалары мен жалпы сыйымдылығы 398 мың тонналық элеваторлар салынып, пайдалануға берілсін, оның ішінде РСФСР-да сыйымдылығы 5.000 мың тонналық астық қоймалары мен 278 мың тонналық элеваторлар, Қазақ ССР-інде сыйымдылығы 6.000 мың тонналық астық қоймалары мен 120 мың тонналық элеваторлар салынсын; 1954 жылы сыйымдылығы 7.000 мың тонналық астық қоймаларын салуға кірісіп, 1954 жылы бұл қоймалардың сметалық құнының 30—40 процентін салып бітіру, сөйтіп астық қоймаларын 1955 жылдың алғашқы жартысында қатарға қосу қамтамасыз етілсін;

в) 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді меңгеретін аудандарда 20 элеватор салу жөнінде даярлық жұмыстарға кірісіп, 1955 жылы жаңадан 90 элеваторды салуға және кәсіптік бар элеваторларды, үш автомобиль жөндеу зауытын ұлғайтуға кірісу, оларды 1956—1957 жылдары пайдалануға беру белгіленсін.

12. Тың және тыңайған жерлерді меңгеретін аудандардағы алыс пункттерден астықты және басқа өнімдерді тасу жұмысын қамтамасыз ету үшін ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қатынас жолдар министрлігіне, Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігіне, Дайындау министрлігіне басқа министрліктер мен ведомстволарды қамтып отырып, бір айлық мерзім ішінде, ССРО Министрлер Советіне бұл аудандарда темір жол линияларына астықты және басқа өнімдерді тасып жеткізу үшін тас жолдар мен тар табанды темір жолдар салу туралы ұсыныс белгілеу және оны табыс ету міндеттелсін.

13. Қатынас жолдар министрлігі мен Теңіз және өзен флоты министрлігіне астықтың және басқа ауылшаруашылық өнімдерін үздіксіз тасуын қамтамасыз ету, жабық жүзде құрамдар мен флотты уақытылы әзірлеу, ауылшаруашылық өнімдерін уақтылы және ырапыр тасу үшін қажетті шаралардың бәрін жүргізу міндеттелсін.

14. СОБН Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсетеді: Дайындау министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі, ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі, облыстардың, өлкелердің және республикалардың партия және совет органдары астық және басқа ауылшаруашылық өнімдерін тасуға автомобиль транспортын әзірлеуді қанағаттанғысыз жүргізіп келеді. Осының салдарынан Союзагготранстың, Совхозтранстың көптеген жүк автомашиналары, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің автоколонналары, ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігінің, машина-трактор станцияларының, совхоздардың және колхоздардың автомобиль шаруашылықтары осы уақытқа дейін жөнделіп болмаған. Сол сияқты, колхоздар мен совхоздардың көлік транспортын ауыл шаруашылығының өнімдерін тасуға әзірлеу жұмысы да нашар ұйымдастырылған.

СОБН Орталық Комитетінің Пленумы Дайындау министрлігін, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігін, ССРО Совхоздар министрлігін, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігін, ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігін, одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитеттерін өлкелік, облыстық партия комитеттерін, республикалардың Министрлер Советтерін, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттерін автомобиль және көлік транспортын ауыл шаруашылығының өнімдерін тасуға әзірлеудегі елеулі кемшіліктерді жоюға, ең қысқа мерзім ішінде автомашиналардың жөнделіп бітуін қамтамасыз етуге, автомобиль паркін шоферлермен түгелдей толықтырып, егін жыйнаудың алғашқы күнінен бастап, бүкіл автотранспорттың жоғары өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндеттейді.

лықтарына уақтылы жеткізін түру шаралары қолданылсын; в) 1954 жылғы 10 июльден кешікпей селозық аудандарға, колхоздарға, совхоздарға сауда орындары, жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері және мемлекеттік жоспар бойынша картоп мен овощ алатын басқа ұйымдар бекітілсін, сөйтіп, оларға өз транспортымен картоп және овощ тасу жөнінде, бұл өнімдерді қысқа сақтауға арнап өңдеу жөнінде тапсырмалар берілсін;

г) 1954 жылғы қалалар маңындағы аймақтарда тұратын колхоздар мен совхоздардың дайындау және сатып алу жоспарын орындау есебінен овощ пен ерте пісетін картопты тікелей сауда орындарына, көпшілік тамақтанатын орындарға өткізу практикасы барынша кең қолданылсын, ол үшін қала маңындағы аймақтарда тұратын колхоздар мен совхоздарды магазиндер және басқа азаматтардың кәсіпорындарға уақтылы бекітілу жұмысы жүргізілсін, сөйтіп, мемлекеттік дайындау және сатып алу жөніндегі өткізілетін овощтардың үздіксіз қабылдауына қамтамасыз етілсін;

д) колхозшылардан және басқа азаматтардан міндетті тапсырма есебіне өткізілетін картопты барлық жерде селозық тұтынушылар кооперациясының қоймалары мен дүкендерінде үздіксіз қабылдау қамтамасыз етілсін. Жергілікті совет орындары тұтынушылар кооперациясына картоп қабылдауға және уақытша сақтауға керекті үйлер беруде көмектесетін болсын;

е) дайындау ұйымдарының картопты, овощты және жемісті сан жөнінде болсын, сапа жөнінде болсын дұрыс қабылдауына қатаң бақылау орнатылып, өнім тапсырушылардың берген өнімдері үшін уақтылы есеп айырысу қамтамасыз етілсін.

17. Орталық тұтынушылар одағына, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Сауда министрлігіне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік және облыстық атқару комитеттеріне техникалық базаларды әзірлеудегі артта қалушылықты жою үшін қажетті шаралар қолданып, жаншай дайындау басталғанға дейін жаңа қоймалар, картоп-овощ сақтайтын үйлер, бөгелік базаларын және өңдеу кәсіпорындарын салуды аяқтау қамтамасыз ету міндеттелсін. 1 септябрьден кешікпей қабылдау-дайындау, ашыту-тұздау пункттерін, спирт, крахмал-сірне, консерва және кептіру заводтарын жөндеу, әзірлеу, ыдыстар мен басқа саймандарды картоп, овощ және басқа жемістерді үздіксіз қабылдауға әзірлеу жұмыстары аяқталсын. Қабылдау, дайындау және бөгелік пункттері тәжірибелі қызметкерлермен толықтырылсын.

18. Өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етіп, халық тұтынатын товарлар шығаруды көбейту үшін техникалық дақылдар дайындау ісіне аса маңызды мән бере отырып, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне, ССРО көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігіне, Орталық тұтынушылар одағына, Дайындау министрлігіне, одақтас республикалардың Компартиялары Орталық Комитеттеріне, СОБН өлкелік және облыстық комитеттеріне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік және облыстық атқару комитеттеріне мақта, қант қызылшасын, сапалы зығырды, конопяны және басқа техникалық дақылдарды дайындаудың мемлекеттік жоспарларының белгіленген мерзімдерде орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

19. Дайындау министрлігіне, ССРО Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ССРО Совхоздар министрлігіне, Орталық тұтынушылар одағына, республикалардың, өлкелердің және облыстардың партия, совет органдарына мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудағы, сатып алудағы болып отырған кемшіліктерді жойып, дайындаудың және сатып алудың 1954 жылға белгіленген мемлекеттік жоспарларын уақтылы орындау үшін қажетті шаралар қолдану міндеттелсін.

СОБН Орталық Комитетінің Пленумы барлық партия ұйымдарының назарын колхозшылар мен МТС жұмысшыларына бұрынғыдан оған сағым нығайта беруге, еңбек

Чжоу Эн-лайдың Делидегі баспасөз конференциясында жасаған мәлімдемесі

ДЕЛИ, 28 июнь. (СОТА). Кеше Индия президентінің сарайында Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметінің Мемлекеттік жемішілік советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Эн-лайдың баспасөз конференциясы болды. Ол журналистердің сұрақтарына мынадай жауаптар берді:

Сұрақ: Сіздің халықаралық шиеленісті бәсеңдету жөнінде белгілі бір қолайлы ұсыныстарыңыз бар ма?

Жауап: Мен халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің негізгі жолы соғысқа қарсы шығуда және бейбітшілікті қорғауда деп санаймын. Кореядағы уақытша бітім халықаралық шиеленісті кейбір дәрежеде бәсеңдетті. Егер Индо-Қытайдағы соғыс тоқтатылып, мұнда бейбітшілік қалпына келтірілетін болса, халықаралық шиеленіс оған әрі бәсеңдей түседі. Бірақ Индо-Қытайдағы соғысушы екі жақтың құрметті уақытша бітімге жетуіне кедергі жасап отырған адамдардың әлі де бар екенін біз естен шығармауға тиіспіз. Сондықтан бейбітшілік ұлттар мен халықтар өз күштерін оған әрі жұмсап, бұл кертартиалық әрекеттің табысқа жетуіне жол бермеуге тиіс.

Сұрақ: Азиялық елдер арасында ынтымақты нығайту үшін сіздің белгілі бір қолайлы ұсыныстарыңыз бар ма?

Жауап: Мен Қытайдың Тибет ауданы мен Индия арасындағы сауда мен қатынастар жайында осы жылғы апрельде Қытай мен Индия қол қойған келісімнің кіріспесінде жазылған 5 принцип Қытай мен Индия арасындағы қатынастарға қолданылуға тиіс деген премьер-министр Нерудың сөзі өте орынды айтылды деп санаймын. Бұл принциптер мынадай: бір-бірінің территориясының бүтіндігін және суверенитетін өзара құрметтеу, бір-біріне шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне өзара араласпау, теңдік пен өзара тиімділік және бейбітшілікпен қатар өмір сүру. Бұл принциптер біздің екі еліміз үшін ғана емес, сонымен бірге Азияның басқа елдері үшін де және дүние жүзінің барлық елдері үшін де жақсы принциптер. Егер бұл принциптер Азияда неғұрлым кең көлемде қолданылатын болса, онда соғыс хауіпін азайтып, азиялық ұлттар арасында ынтымақтасу мүмкіндігі арта түседі.

Сұрақ: Дүниеде үлкен және шағын, әлді және әлсіз ұлттар болып отырғандықтан, олар бейбітшілікте қандай жолмен қатар өмір сүре алады?

Жауап: Біздің пікірімізше, мен жаңа ғана еске салып өткен бес принциптің негізінде дүние жүзінің барлық ұлттары, өздерінің үлкен немесе шағын, күшті немесе әлсіз ұлттар екендігіне қарамастан, бұлардың әрқайсысында қандай әлеуметтік система бар екендігіне қарамастан, бейбітшілікпен қатар өмір сүре алады. Әрбір елдің халқының тәуелсіз болу және өзін-өзі билеу қозғалысын құрметтеу қажет. Әрбір елдің халқының басқа ұлттар тарапынан қол сұғымай, өзінің мемлекеттік системасын және тұрмыс салтын өзгертуге және Револю-

цияны экспорт ретінде әкелуге болмайды, ал оның бер жағында белгілі бір елдің халқы білдірген жалпы ерікке сырттан қол сұғуға жол беруге де болмайды. Егер дүние жүзінің барлық ұлттары өзара қатынастарын осы принциптерге негіздейтін болса, онда бір ұлттың басқа ұлтқа қарсы қыр көрсетуі және агрессиясы дегендер болмайды, сөйтіп дүние жүзінің барлық ұлттарының бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкіндіктен нақты шындыққа айналады.

Сұрақ: Азияда бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдау мақсатымен бірлескен шараларды тауып, белгілеу үшін Азияның жетекші елдерінің премьер-министрлерінің оқтын-оқтын кездесіп тұруы дұрыс болар ма еді?

Жауап: Менің пікірімше, Азияда бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдау мақсатымен бірлескен шаралар жүргізуге жету үшін басты-басты азиялық елдердің тиісті жауапты адамдарының оқтын-оқтын кездесіп, өзара ақылдасуы дұрыс болады.

Сұрақ: Қытай мен Индия арасындағы қатынастарды қалай нығайтуға болар еді?

Жауап: Менің пікірімше, Қытай мен Индия арасында қатынастарды нығайтып, өркендету үшін біз өзіміздің күшімізді әртүрлі жолдармен жұмсауға тиіспіз. Қытай мен Индия арасында екі мың жыл бойы дәстүрлі достық болып келді. Жуырда біздің екі еліміз бір-бірінің территориясының бүтіндігін мен суверенитетін өзара құрметтеу, бір-біріне шабуыл жасамау және бір-бірінің ішкі істеріне өзара араласпау, теңдік пен өзара тиімділік және бейбітшілікпен қатар өмір сүру принциптері негізінде Қытайдың Тибет ауданы мен Индия арасындағы сауда мен қатынастар туралы келісім жасасты.

Мұның өзі біздің екі еліміздің арасындағы қатынастарды нығайтып, өркендетуге жаңа негіз тудырып отыр. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісінің мүдделері үшін біздің екі еліміздің үкметтері мен халықтары арасында осы жаңа негізде тығыз ынтымақ орнатып, үнемі байланыс жасау, сонымен қатар екі елдің арасында экономикалық қатынастар мен мәдени байланысты өркендету біздің екі еліміздің арасында қатынастарды бейбітшілікпен нығайтып, өркендетуге мүмкіндік береді. Біздің екі еліміздің арасындағы сауданың көзіргі көлемі оншалық зор емес деген сөздер айтылып жүр. Мен, екі жақтың тілектерін ескеріп, теңдік және өзара тиімділік негізінде бір-біріне көмек көрсете отырып, сауданың көлемін Ұлғайту жолдарын табуға болады деп ойлаймын.

Чжоу Эн-лай және былай деді: менің соңғы бірнеше күндер бойы премьер-министр Нерумен жүргізген келіссөздерім Азия мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне көмектесетін болады деп сенемін. Чжоу Эн-лай өзінің Нерумен келіссөздері туралы бірлескен мазмұндама жарияланалы деп мәлімдеді.

АМЕРИКАН СОҒЫС САМОЛЕТТЕРІ АШЫҚ ТЕҢІЗДЕ ЕРКІН ЖҮЗУ БОСТАНДЫҒЫН ӨРСКЕЛ БҰЗУДА ВЛАДИВОСТОК, 28 июнь. (СОТА-ның тілшісі).

АҚШ соғыс-теңіз күштерінің Тайвань аралы ауданында советтік «Туапсе» тенкершін басып алуына байланысты мұнда американ соғыс самолеттерінің ұзақ уақыттан бері Қызыл Шығыс теңіз дері мен Тынық мұхит суларында және атап айтқанда Тайвань аралы ауданында жүзіп жүрген совет сауда кемелерінің үстінде үнемі ұшу әрекеттерін жасап келгеніне назар аударылуда. Бұл самолеттер совет кемелеріне хауіпті түрде жақындап, шүйіле ұшып келіп, кемелердің үстінде бірнеше рет айналып ұшады, ал, түнде кейде тіпті кемелердің үстінде бір сағат бойы қалықтап айналып жүреді. Бұл самолеттердің мұндай әрекеттері совет сауда кемелеріндегі жолаушылар мен командараларды абыржытуда.

Американ самолеттерінің совет кемелері жөніндегі мұндай төзгісіз әрекеттерінің мысалдары ретінде соңғы уақытта Тайвань аралы ауданында болған мынадай үш оқиғаларына назар аударылуда.

Мысалы, 19 майда 14 сағат 10 минутта Тайвань аралының оңтүстік жағындағы суларда, солтүстік теңдіктің 19 градус 10 минут және шығыс бойлықтың 119 градус 52 минут координаттары түйіскен пунктте американ соғыс самолесі Сингапурдан Дальний портына келе жатқан советтік «Камеңец-Подольск» кемесінің үстінде түйіле ұшып, бірнеше рет айналып жүрген. 20 майда солтүстік ендіктің 22 градус 10 минут және шығыс бойлықтың 123 градус 21 минут координаттары түйіскен пунктте американ самолеті дәл осы кемесінің үстінде бірнеше рет айналып ұшқан.

14 июльде Тайвань аралының оңтүстік шығыс жағында 70 миль жерде солтүстік ендіктің 21 градус 16 минут және шығыс бойлықтың 121 градус 44 минут координаттары түйіскен пунктте Одессадан Находка портына келе жатқан советтік «Кутузов» кемесінің үстінде американдық екі соғыс самолесі 60 метрден 400 метрге дейін биіктікте бір сағат бойы айналып ұшып жүрді.

16 июльде 18 сағат 57 минутта Тайвань аралының шығыс жағында 90 миль жерде, солтүстік ендіктің 25 градус 00 минут және шығыс бойлықтың 123 градус 49 минут координаттары түйіскен пунктте Сингапурдан Синканже келе жатқан советтік «Кемерово» кемесінің үстінде американ соғыс самолесі айнала шүйіліп ұшқан.

24 июльде 10 сағат 50 минутта Тайвань аралы ауданында солтүстік ендіктің 24 градус 28 минут және шығыс бойлықтың 127 градус 05 минут координаттары түйіскен пунктте американ соғыс самолесі советтік «Ашперон» танкерінің үстінде шүйіле ұшып, бірнеше рет айналып ұшқан.

Американ соғыс самолеттерінің мұндай әрекеттері ашық теңіздегі кеме қатынасының еркіндігін өрескел бұзғандық болып табылады және АҚШ әскери өкмет органдарының жалпы жұрт таныған халықаралық қанонның нормаларын толығымен елемей отырғандығын дәлелдейді. Мұныңмен бірге, бұл әрекеттердің Тайвань аралының ауданы арқылы өтетін совет кеме

хоздардан астықты тікелей комбайннан тасу, тасығанда, әдет бойынша, Союзгазотранс пен Совхозтранстың автоконтр-аппараттарымен астықты қажетті тазарту және кептіру жұмысын жүргізетін мемлекеттік дайындау пункттеріне тікелей тасу жұмысы қамтамасыз етілсін.

15. Колхоздар мен совхоздардың астықты және басқа ауылшаруашылық өнімдерін мемлекеттік дайындау пункттеріне уақтылы жеткізуіне көмектесу үшін ауылшаруашылық өнімдерін тасуға халық шаруашылығының басқа салаларындағы автомашиналарды тарту қажет деп табылсын. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мүдделі министрліктермен бірлесіп отырып, бұл мәселе жөнінде он күндік мерзім ішінде ССРО Министрлер Советіне ұсыныс енгізу тапсырылсын.

16. ССРО Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсетеді: 1953 жылы көптеген облыстар мен республикаларда, әсіресе, Новгород, Смоленск, Москва, Калуга, Иваново, Калинин, Ярославль, Молотов, Свердлов, Челябин облыстарында, Белорус ССР-інде картоп дайындау және сатып алу жұмыстары нашар жүргізілді.

Орталық тұтынушылар одағы мен ССРО Сауда министрлігі картоп дайындау және сатып алу, оны қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына жеткізу жоспарларын орындауды қамтамасыз етпеді, өмпе сатып алуды ұлғайту үшін бар мүмкіншіліктерді пайдаланбады, сонымен бірге көптеген колхоздар мен колхозшылар дайындау және сатып алу жұмыстарының нашар ұйымдастырылуы салдарынан басы артық картоптары мен өнімдерін өткізе алмай қалды. Әсіресе, 1953 жылы тұтынушылар кооперациясы жас жемістерді, жидектерді және кептірген жемістерді дайындау, сатып алу жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізді. Сол сияқты, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің спирт және крахмал-сірне заводтары картоп дайындау жоспарын орындаған жоқ.

Дайындау министрлігіне, Орталық тұтынушылар одағына, ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Сауда министрлігіне, облыстардың, өлкелердің және республикалардың партия, совет және дайындау органдарына мыналар міндеттелсін:

а) 1954 жылы картоп, өмпе, жеміс, қарбыз, қауын және басқаларын дайындаудың, сатып алудың жоспарларын сөзсіз орындау қамтамасыз етіліп, бұл өнімдердің ырап болуына және бұзылып кетуіне жол берілмесін;

б) картоп пен өмпеңнің өнімін жыйнауудың алғашқы күнінен бастап бұл дақылды тапсыру жұмысын картоп және өмпе дайындаудың, сатып алудың мемлекеттік жоспарын әрбір республика, өлке, облыс және аудан бойынша уақтылы орындауды қамтамасыз етерліктей етіп ұйымдастырылсын. Ерте пісетін өмпең мен жемістерді дайындау және сатып алу мөлшерін көбейтіп, оларды қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына жеткізуіне көмектесу қажет.

күтуге, малға керекті жеміс, өсімдіктер мен шөптерді дайындауға, егін жыйнаууды және өсірілуін қамтамасыз еткізуге, астықты және ауылшаруашылық өнімдерін мемлекетке тапсыру жөніндегі мәселелерді мерзімінен бұрын орындауға, тұқым қорын және басқа қорларды толық құюға, колхоздардың қоғамдық байлығын арттыра түсуге және осы негізде барлық колхоздарда колхозшылардың еңбек күніне ақының жақсы төленуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ССРО Орталық Комитетінің Пленумы одақтас республикалардың компартиялары Орталық Комитеттерін, өлкелік, облыстық, аудандық партия комитеттерін, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың партия ұйымдарын деревняда егінді мұқият күту үшін, жеміш өсіруде, егін жыйнаууды қысқа мерзім ішінде және ырапсыз өткізу үшін, техниканы толық пайдалану үшін, еңбек өнімділігін арттыра беру үшін, барлық ауылшаруашылық өнімдерін дайындау, сатып алудың мемлекеттік жоспарларын мерзімінен бұрын орындау үшін бұқаралық социалистік жарысты өрістетуді міндеттейді. Селода жүргізілетін саяси жұмыста барлық колхозшыларға, МТС және совхоз қызметкерлеріне егін жыйнаууды, ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды жоғары сапада және уақтылы өткізудің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайта беру және колхозшылардың әл-ауқат жағдайын жақсарту міндеттерін шешуде зор маңыз алатындығын жете түсіндіруге баса көңіл аударылуға тиіс.

Бүкіл саяси-бұқаралық жұмыс егін жыйнауудың табысты болуы шешілетін жерлерде: егіс қостарында, егіс және трактор бригадаларында, қырман басында, астық тасыйтын транспорт бригадаларында, элеваторларда және дайындау пункттерінде жүргізілуіне тиіс. Бұл жерлерге партия, совет, комсомол, кәсіподақ активінен, селолық интеллигенциядан, колхоз, МТС және совхоз озаттарынан таңдаулы үгітшілер жіберілуі тиіс. Саяси жұмыста баспасөз, радио, кино, мәдени-ағарту мекемелері, саяси-бұқаралық жұмыстың барлық түрлері қолданылып, барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдердің, МТС, совхоз жұмысшыларының, бүкіл село халқының ауылшаруашылық жұмыстарына белсене қатысуы қамтамасыз етілсін.

ССРО Орталық Комитетінің Пленумы барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары егін жыйнаууды, ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды үлгілі өткізеді, сөйтіп аса маңызды бүкіл-халықтық міндетті — Коммунистік партия мен Совет үкіметі алға қойып отырған ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндетін орындау жолында ірі адыммен алға басады деп берік сенеді.

ССРО Министрлер Советінде

ССРО-да атом қуатымен істейтін тұңғыш өнеркәсіп электр станциясының іске қосылғаны туралы

Қазіргі уақытта Совет Одағында совет ғалымдары мен инженерлерінің күш-жігері арқасында атом қуатымен істейтін, пайдалы қуаты 5 мың киловаттық тұңғыш өнеркәсіп электр станциясын жобалау және құрылыс жұмыстары ойдағыдай аяқталды.

1954 жылғы 27 июньде атом электр

станциясы пайдалануға беріліп, ол іргелес аудандарда өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы үшін электр тоғын берді.

Тұңғыш рет өнеркәсіп турбинасы көмір немесе отынның басқа түрлерін жағу есебінен емес, атом қуаты есебінен — уран атомының ядросын жару есебінен жұмыс істеп отыр.

Атом электр станциясын іске қосу нәтижесінде атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану ісінде нақты кадам жасалды.

Совет ғалымдары мен инженерлері атом қуатымен істейтін, қуаты 50—100 мың киловаттық өнеркәсіп электр станцияларын жасау жұмыстарын жүргізуде.

Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы физкультура және спорт жөніндегі комитетте

Бірқатар Бүкілодақтық жарыс өткізу мерзімдерінің өзгертілуіне байланысты Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы физкультура және спорт жөніндегі коми-

тет VII-ші бүкілодақтық спартакиаданы өткізу мерзімін өзгертті.

Жүзу және биіктіктен суға секіру, жеңіл атлетика, классикалық күрес және велосипед спорттары бойынша жарыс 10

июльде басталады. Спорттың қалған түрлері бойынша жарыс бұрын белгіленген мерзімде өткізіледі.

(ҚазТАГ).

Чжоу Эн-лай мен Бирма одағының премьер-министрі У Нудың бірлескен мәлімдемесі

ПЕКИН, 30 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Рангуннан былай деп хабарлады:

Қытай Халық Республикасының премьер-министрі Чжоу Эн-лай және Бирма одағының премьер-министрі У Ну бүгін Рангунда бірлескен мәлімдеме жариялады, онда былай делінген:

«1. Бирма Одағының премьер-министрі У Нудың шақыруы бойынша Қытай Халық Республикасының премьер-министрі Чжоу Эн-лай Женевадан Пекинге қайтып бара жатқан сапарында Бирма Одағының астанасы — Рангунға келді, ол мұнда екі күн болды. Бұл уақыттың ішінде екі премьер-министр екі ел үшін ортақ маңызы бар мәселелерді еркін және ашықтан-ашық талқылады.

2. Екі премьер-министр бүкіл дүние жүзінде, әсіресе Оңтүстік-Шығыс Азияда бейбітшілікті сақтау үшін мүмкін болған шараның бәрін істеуді көздеп, өздерінің позициясын тағы да қуаттауда. Олар Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы Женевада талқыланып жатқан мәселе қанағаттанарлық түрде шешіледі деген үміт білдіреді.

3. Қытай мен Индия арасындағы келісім бойынша бұл екі елдің арасындағы қарым-қатынастардың негізі болып отырған принциптер жөнінде, атап айтқанда:

- 1) территорияның бүтіндігін және суверенитетті өзара құрметтеу;
- 2) бір-біріне шабуыл жасамау;
- 3) бір-бірінің ішкі істеріне араласпау;

ГВАТЕМАЛАДАҒЫ ОҚЫҒАЛАР ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 30 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Вашингтоннан берген хабарына қарағанда, әскери хушанын басшысы полковник Монсон Гватемала еңбекшілерінің конфедерациясын тарату туралы хабарлаған.

НЬЮ-ЙОРК, 30 июнь. (СОТА). Американың баспасөзінің хабарларынан көрінгендей, Гватемаладағы кәзіргі өзгерістерде американың ресми өкілдері шешуші роль атқаратынын көрінеді.

Ассошиэтед Пресс агенттігінің тілшісі Ратледждің Гватемала қаласынан берген хабарына қарағанда, АҚШ-тың Гватемаладағы елшісі Пәриффа соңғы күндерде Гватемаладағы «үкметтік тез өзгерістерде кеңесші ретінде негізгі роль атқарған».

Ратледждің атап көрсетуіне қарағанда, Монсон хунтасының өкмет билігіне келуін Пәриффа «біздің жеңісіміз» деп мәлімдеген.

«Нью-Йорк таймс» газетінің тілшісі Беннедидің Гватемала қаласынан берген хабарына қарағанда, Монсон тобыры мен Армас арасындағы атысты тоқтату тура-

4) пейімділік және өзара тиімділік;

5) бейбітшілікпен қатар өмір сүру принциптері жөнінде премьер-министрлер бұл принциптер сонымен қатар Қытай мен Бирма арасындағы қарым-қатынастар үшін де басшылыққа алатын принциптер болуға тиіс деп келісті. Егер сол принциптерді барлық елдер бұлжытпай орындайтын болса, әлеуметтік системалары әртүрлі елдердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруін қамтамасыз етуге болады. Ал, агрессия және ішкі істерге араласу әрекеттерінің хауіп мен қатерінің орнына хауіпсіздік және өзара түсінушілік сезімі орнайтын болады.

4. Әрбір елдің халқының өзінің мемлекеттік системасы мен тұрмыс салтын басқа елдер тарапынан көп шығын қылмай еркін таңдап алу правосы болуға тиіс екенін премьер-министрлер тағы да қуаттайды. Революцияны экспорт ретінде әкелуге болмайды; ал, оның бер жағында белгілі бір елдің халқы білдірген жалпы ерікті сырттан бұзуға да жол беруге болмайды.

5. Премьер-министрлер өздерінің тиісті елдері екі елдің арасындағы достық ынтымақты бұдан былай да нығайту үшін өзара тығыз байланыс жасап отыруға тиіс деген келісімге келді.

Келіссөздер нағыз достық және шын пейілді жағдайда өтті. Премьер-министрлердің екеуі де бірлесіп кездесудің кәзіргі мүмкіндігін жоғары бағалайды және олар бұл кездесу бейбітшілік ісіне пайда келтіреді деп санайды».

«Келіссөздер» ұйымдастыруда Пәриффа маңызды роль атқарған.

Гватемала радиосының хабарына сәйкес, Гватемаланың үкметтік хунтасының жетекшісі полковник Монсон Сан-Сальвадорға барып, Армаспен уақытша бітім туралы келіссөздер бастаған көрінеді.

Гватемаладан алынған хабарларға қарағанда, Монсон тобыры Гватемаланың халықтық күштеріне қарсы террорды күшейткен. «Юнайтед Пресс» агенттігі тілшісінің атап көрсетуінше, тыйым салынған Гватемала еңбек партиясының мүшелерін іздеп, «үкметтік полициялық қаланың ішін сүзіп шыққан». Көптеген адамдар тұтқынға алынған. Мұнан әрі тілші былай деп жазады: «басқа полициялықтар халықтан қару-жарақты тартып ала бастады. Атыс тоқтағаннан кейін 24 сағаттың ішінде қару-жарақты тапсыру туралы бұйрық берілді; осы мерзімнен кейін құпия сақталған қару-жарақ табылған адамдар атылатын болады».

«Тұтқынға алынған адамдардың жағдайы жақсармауына пайдаланылып отырғандығы және ашық теңізге жүзіп жүрген совет кемелері жөнінде жоғарыда көрсетілген советтік «Туалсе» ташкеріне жасалған арандату әрекеті сыяқты әртүрлі арандату әрекеттерін ұйымдастыру мақсатын көздеп отырғандығы күмәндіс.

ПРАГА СОҒЫС ТРИБУНАЛЫНЫҢ БІРТОП САТҚЫНДАР МЕН ШПИОНДАРҒА ҮКІМ ШЫҒАРУЫ

ПРАГА, 27 июнь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, 22-24 июньде Прага соғыс трибуналында біртоп шпиондар мен сатқындарға сот болған. 13 адамнан құралған бұл топ батыс державаларының разведкаларымен тығыз байланысты болып келген. Айыпкерлердің қылмысты әрекеті сатқын интеллекттік топтардың соғыс жоспарларын қолдауға бағытталған.

1948 жылы бұл топтың мүшелері бұрынғы Чехословак халықтық-социалистік партиясының бас секретары сатқын Крайнаньц кезінде жойылған шпиондық иезінің қалдықтарымен байланыс жасаған. Бастапқы кезде бұл топты Олдрих Шорм басқарған, ал, ол шетелге қашып кеткеннен кейін бұл топты айыпкер Вацлав Кырват басқарған, ол бір батыс мемлекетінің разведкасымен ынтымақтасып, сонымен бірге Батыс Германиядағы американың разведкасымен байланыс жасаған.

Отанға опасыздық жасаушылар мен шпиондар тобына: Антонин Смолик, Милад Лукешова, университеттің бұрынғы профессоры Богумил Рыба, Владимир Хадима және Чехословак халқына сатқындық жасаған басқа қылмыстылар кірген.

Тексере келгенде айыпкерлердің қылмысты әрекеті толығымен дәлелденген.

Прага соғыс трибуналы Вацлав Кырватқа мен Антонин Смоликті өмір бойы лауазымынан айыру жазасына, ал қалған әйелдерді — алдың 25 жылға дейін ерлік мерзімдермен түрмеге ұстау жазасына үкім еткен.

Топтың барлық мүшелерінің азаматтық праволары жойылған; олардың мүлкі конфискеленген.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАЙҒАДАҒЫ ОҚЫҒА»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНД. Р: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02055.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.